



№9 (171), 2022
(Қыркүйек-Сентябрь)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

А. ДАВЛЕТОВА

Из истории психологической мысли Казахстана.....3

Д. САЗАНБАЕВА

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық үрдісін
дамыту.....8

Л. ЭРГЕШОВА

Оқушылардың тұтығып сөйлеуі және оны түзету
жолдары12

Ж. АШАБЕКОВА

Жасөспірімдердің девиантты және делинквентті мінез-
құлықтары жайлы15

Д. САНСЫЗБАЕВА

Ақыл-ойы кем балаларды жеке түзету-тәрбиелеу
жұмысы.....18

Л. КАВЕЛИНА

Сказкотерапия как метод активизации ресурсов
личности21

Б. БАТЫРҒАЛИЕВА

Жас педагогтарға психологиялық қолдау көрсету.....26

Л. СМАГУЛОВА

Психологиялық қолдау көрсетудің түрлі формаларын тест
тапсыруға дайындауда қолдану.....30

Э.Б. МАСАЛИМОВА

Арт-терапевтические методы по работе с детьми.....33

К. ТАЙЖАНОВА

Оқушыларға арналған психологиялық тренинг.....39

Г. НӨКЕРБЕКОВА

Ата-аналарға арналған психологиялық тренинг42

Ж. БИСЕНОВА

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған психологиялық
тренинг-сабақ.....45

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

М. АХМЕТОВА

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды
26. 09. 2022 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс:
8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
pedagog-ltd@mail. ru

Журнал <<Print
House GERONA>>
типографиясында
басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев
көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және
беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

М. Ахметова – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал
МГУ им. М.В. Ломоносова)

М. П. Кабакова – канд. психол. н.,
доцент (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

Ә. Көкебаева – психол. ғ. д., проф.
(Көкшетау, «Көкшетау ун-т»)

Б. Елеусінов – проф.
(Қызылорда, «Өрлеу БАҰО» АҚ)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Павлодар обл.)



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілермен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
М. АХМЕТОВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от
20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 26. 09. 2022 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Из истории психологической мысли Казахстана

А.А. ДАВЛЕТОВА

Реформа образования, происходящая в настоящее время в Республике Казахстан, отличается от предшествующих тем, что определяется в первую очередь глубокими политическими, социальными и экономическими изменениями и чисто психолого-педагогическими условиями. Стратегической целью всей системы образования Казахстана является создание наиболее благоприятных условий формирования высокообразованной, конкурентоспособной личности, с этическим отношением к миру, инновационным, творческим типом мышления, развитой мировоззренческой культурой, способной самостоятельно сформулировать проблемы государства и самостоятельно их решать.

Проблема развития детей в условиях школьного обучения на протяжении всего периода школьного детства имеет особую актуальность в нашей стране. Это связано со сложным и драматическим характером истории Казахстана, который оказал существенное влияние на изучение проблемы одаренности в отечественной психологической науке.

Истоки проблемы психологической работы со школьниками следует искать в недрах философии, социологии, педагогики и психологии, которые с давних времен были известны как науки, занимающиеся осмыслением жизни, поисков ответов на вопросы о цели существования человека, его роли и месте в обществе, подготовке к осуществлению своего назначения в жизни. Великий мыслитель Абу Наср аль-Фараби в своих трактатах «Указание пути к счастью», «Большая книга о музыке» обращает внимание читателей на психолого-педагогические аспекты обучения и воспитания. Вызывают особый интерес доступность, системность и прочность приобретаемых знаний, развитие интеллекта, характер, формирование способностей детей, а также приемы и методы работы наставников со своими опекунами, которые нашли свое отражение в этих произведениях.

Трактаты Ю. Баласагунского, М. Кашкарского, А. Югнаки (XI-XII вв.), где говорится о приемах психолого-педагогической работы наставника и учителя внесли неоценимый вклад в сокровищницу миро-

вой цивилизации, составляющую общечеловеческую, этико-философскую культуру народов Центральной Азии.

На территории Казахстана проведение административных реформ в 1867-1868 и 1891 гг. создало благоприятные условия для развития просвещения и школьного образования. До 60-х гг. в основном функционировали медресе, где готовили кадры для мечетей и суда, а также мектебы, обучавшие детей основам религии. Это были застывшие организации, принимавшие на обучение детей, родители которых договаривались с наставниками по принципу: «Мясо ваше, кости наши», подразумевавший безоговорочное подчинение учеников.

На рубеже XIX-XX вв. была проведена реформа под названием «джадизм», где уделялось особое внимание подготовке кадров для работы с детьми состоятельных родителей.

Нельзя недооценивать вклад в развитие психолого-педагогической мысли великого казахского мыслителя Абая Кунанбаева. Во всех своих высказываниях, обращенных к подрастающему поколению, Абай выражал основную мысль: «Процесс овладения знаниями или искусством какого-нибудь ремесла – высшее благо, для овладения чего необходим живой ум, сильная воля и благородные стремления». Кунанбаев высоко ценил труд тех, кто занимался обучением детей.

В своих трудах один из первых казахстанских педагогов Ибрай Алтынсарин всю образовательную систему рассматривал как процесс формирования личности ученика под влиянием личности учителя. Эти положения нашли свое отражение в его знаменательном труде «Вопросы общественной психологии».

В первое десятилетие XX в. в Казахстане получает распространение течение «за новый метод», одним из основных принципов работы которого был «Нашим детям нужны лучшие наставники». Оно было связано с развитием торговых отношений с Россией. Это течение получило поддержку со стороны некоторых мулл и муаллимов (учителей), получивших образование в «новометодных» мектебах и медресе Казани, Оренбурга и других городов Поволжья и Урала.

Психолого-педагогическое обеспечение процесса образования в нашей стране прошло несколько этапов развития. Первые попытки практического применения психолого-педагогических знаний в воспитании и обучении детей предпринимались на рубеже XIX и XX веков. В то время получила развитие педология-наука о развивающемся, растущем человеке, охватывающая все его биолого-социальные отличия. В 20-30 гг. прошлого столетия психологические и педологические обеспечение всего образовательного процесса получило широ-

кое распространение. В практику образования внедрились различные психологические тесты, на их основе делались заключения об уровне умственного развития школьников, о переводе их в специальные школы, о профессиях, которые им необходимо выбрать и т.д. В 1916 году постановлением ЦК ВКП (б) «О педологических извращениях в системе Наркомпроса» все работы по психологическому обеспечению процесса образования были прекращены, на большой период времени остановилось развитие следующих психологических областей: возрастная психология, психодиагностика, практическая психология и т.д.

Формирование системы повышения квалификации и переподготовки психолого-педагогических кадров в нашей стране относят к началу XX в. Именно в этот период были выработаны основные принципы ее построения. Первая дискуссия проводилась на страницах журнала «Қазақстан мектебі» (1925 г.).

В 1919 году издательство Букеевского подотдела Наркомпроса, кроме педагогического журнала «Мугаллим» выпустило брошюры «Трудовая школа», «Как воспитывать детей» и др. В 1923 в Ташкенте выходит книга П.Н. Архангельского «Психологические исследования в школе», где даются подробные психологические характеристики познавательным процессам детей и описываются приемы психолого-педагогического влияния на развитие способностей учеников. Психолог В.Я. Струминский в Оренбурге опубликовал свой труд «Настольная книга для работников просвещения трудовой школы», и учебник «Психология» для средних специальных учебных заведений.

В 30-х гг. работа по повышению квалификации и переподготовке психолого-педагогических кадров значительно усилилась. Складывались определенные системы по типам и видам образовательных учреждений: дошкольные, школьные, средне-специальные, высшие учебные и т.п. Совершенствовались старые апробированные формы учебы кадров, появились новые – «Школы передового опыта», «Дни открытых дверей», «Школы молодого психолога», срочно входили в практику работы школ кустовые семинары.

1928 год ознаменован открытием первого педагогического вуза в Казахстане, а в 1929 Х. Досмухамедов был избран профессором кафедры педагогики КазПИ им. Абая. На казахском языке психология стала преподаваться в 1938 году в стенах этого института.

В 1926 году была опубликована книга Ж. Айтмауытова «Психология и выбор профессии», где дается анализ работы психолога с детьми, в том числе с одаренными детьми. «Способности к искусству

не формируются в процессе жизни, обучения и деятельности. Человек появляется на свет с врожденными способностями к искусству».

Примером исторического развития системы повышения квалификации Казахстана может служить деятельность крупнейшего Республиканского Института школ. Здесь проводилась большая работа, связанная с подготовкой и выпуском учебников и программ для школ и методических разработок для учителей. Кроме того, были организованы краткосрочные курсы, различные по тематике и продолжительности. Они обеспечивали дифференцированный подход к обучению. Старший научный сотрудник этого института, Ш. Альжанов, проанализировав умственные способности школьников, за свое мнение: «Есть ученики, которые быстро схватывают и быстро отвечают на вопросы, а другие очень хладнокровны, спокойны, отвечают не спеша. Однако не подлежит сомнению, что и они могут отвечать правильно и глубоко» был осужден во время сталинских репрессий за педологический аспект разделения всех детей на три категории: передовых, средних, слабых. В конце 80 годов XX века был реабилитирован. Значительной вехой в деле подготовки Казахстанских психологов для работы с детьми является период деятельности известного русского психолога А.П. Нечаева.

В 1946 году открылась первая кафедра психологии в КазПИ им. Абая. А в КазГУ им. С.М. Кирова в 1947 году открылось отделение логики и психологии. 1951 год ознаменован первым выпуском психологов и логигов. В 1980 году была создана первая кафедра психологии этого же вуза.

Т.Т. Тажибаев был избран действительным членом (академик) АН Казахской ССР по специальности «Психология и педагогика» в 1954 году. В сентябре 1958 года учреждено Казахстанское отделение Общества психологов СССР, где впервые, с научной точки зрения рассматривались вопросы работы со способными учащимися.

Один их выдающихся психологов Казахстана М.М. Муканов в своем труде «Выявление и развитие способностей у детей» (1960) особое внимание уделял квалификации и опыту психолога.

Только в середине 60-годов XX века возобновились исследования в таких областях психологии как возрастная, практическая психология и психодиагностика, результаты исследований которых начали применяться в школе. В порядке эксперимента в системе народно-

го образования начали работать психологи – сотрудники научно-исследовательских институтов, преподаватели вузов, проводившее в ПТУ и в школах психолого-педагогические исследования, а также студенты, проходившие практику. Во время первого Республиканского семинара по педагогике, психологии и методике обучения, проходившем в 1966 году в Алма-Ате подобно рассматривались проблемы подготовки профессиональных психологов к работе со школьниками.

Психолого-педагогическим аспектам теории и практике в подготовке будущих специалистов особое внимание уделяли Казахстанские ученые Н.Д. Хмель, А.А. Бейсенбаева, С.М. Джакупов, К.Т. Шерьяданова, К.К. Жанпеисова.

Академия педагогических наук под руководством А.В. Даринского в 1970 году начала изучать непрерывное образование взрослых. И. Пригожин, Е. Князева, З. Жанабаев исследовали влияние врожденных способностей на успешное выполнение деятельности.

2000 год – выход на казахском языке книги К.Б. Жарикбаева «Введение в психологию» для средней школы, где автор дает характеристику основных аспектов работы психолога с учениками.

Проблеме повышения квалификации в последние годы стали уделять больше внимания, чем раньше. После длительного перерыва возобновились попытки разработать модели квалификации школьного психолога. В числе интересных работ, появившихся в конце 90-х гг., следует упомянуть труды Казахстанских ученых: Ж.О. Умбетовой, Г.С. Байтуреевой, Л.М. Нарикбаевой, У.Б. Жексенбаевой, А.К. Сатовой, З.Б. Мадалиевой и др. Таким образом, теоретические и практические аспекты проблемы работы со школьниками всегда занимали важное место в исследованиях ученых.

Основные аспекты подготовки профессиональных педагогов-психологов в отечественной литературе рассматриваются как процесс профессиональной социализации и становлении профессионала, что выступает как одно из условий развития личности. Таким образом, новые тенденции в развитии Казахстанского общества выдвинули проблему образования детей и молодежи в число приоритетных образовательных задач, в связи с чем объясняется повышенный интерес к ней со стороны так и отечественных психологов и педагогов.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық үрдісін дамыту

Д. САЗАНБАЕВА

Жекелеген психикалық процестерді дамыту бүкіл бастауыш мектеп шағында жүзеге асырылады. Балалар мектепке қабылдау процестері едәуір жетіліп келсе де (оларда көру мен есту қабілеті жоғары екені байқалады, олар түрлі формалар мен түстерді жақсы бағдарлайды), олардың оқу ісіндегі қабылдау формалары мен түстерді тану және атауға келіп тіреледі. Бірінші сынып оқушылары өздері қабылдайтын заттардың қасиеттері мен сапаларына жүйелі талдау жасай алмайды. Бұл жағдай арнайы жасалған тәжірибелерден айқын көрінеді. Мәселен, 1-сынып оқушылары қарап отырып салу үшін түрлі-түсті құмыра алды. Балалар оны тез қарап шығып, атын атады, содан соң оның өзіне онша көңіл аудармай, бірден оның суретін салуға ұмтылады. Олардың салған суреттерінде құмыралардың көлемі де, формасы да, әр түрлі болып шықты, тіпті бір-бірінен едәуір айырмашылығы да болды, өйткені балалар форманың өзіне талдау жасамаған еді. Құмыраның түсін беру мәліметтері де ұқсас болды. Бірінші сынып оқушылары бұл түсті танып, атап та берді, бірақ оның нақты ерекшеліктері оларды қызықтырмады. Саралап қабылдауға кемшіліктер басқа тәжірибелерден де байқалады.

Баланың қабылдаған заттарын талдау және саралау мүмкіндіктері онда заттардың жекелеген тікелей қасиеттерін аңғару мен айырудан гөрі күрделілеу қызмет түрінің қалыптасуымен байланысты. Бақылау деп аталатын бұл қызмет түрі мектептегі оқу процесі кезінде ерекше жедел қалыптасады. Сабақтардың үстінде оқушы қандай да бір пәннің және құралдың қабылдау міндеттерін алып, ал одан кейін өзі де кең түрде тұжырымдайды. Осының арқасында қабылдау мақсатқа бағытталады.

Зейінді дамыту. Мектепке келген балалардың әлі мақсатқа бағытталған зейіні болмайды. Олар өздерінің зейінін негізінен өздеріне тікелей қызықтығымен, ашықтығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін нәрселерге аударды (ырықсыз зейін), мектеп жұмысының шарттары алғашқы күннен бастап баладан сол кезде оны қызықтырмауы да мүмкін пәндерді және мәліметтерді на-

зардан тыс қалдырмауды талап етеді. Бала біртіндеп жай сырттай тартымды заттарға емес қажеттілерге зейінін бағыттап, оны дәйекті ұстауды үйренеді. 2, 3-сыныптарда көптеген оқушылар ырықты зейінді игереді, оны мұғалім түсіндірген немесе кітапта бар кез-келген материалға көздей алады. Ырықты зейін, оны қандай да бір міндетке алдын-ала ойластырып бағыттай білу – бастауыш мектеп шағындағы маңызды жетістік ретінде айқын байқалады.

Бірінші сынып оқушыларының ырықты зейінін олар әлі өздерін-өздері алып жүрудің ішкі құралдарын игермегендіктен тұрақты болмайды. Сондықтан тәжірибелі мұғалім оқу ісінің сабақты бірінбірі ауыстырып отыратын және балаларды шаршатпайтын әр алуан түрлерін (түрлі тәсілдермен ауызша есептеу, есептер шығару және нәтижелерді тексеру, жазбаша есептердің жаңа тәсілдерін түсіндіру, оларды орындап жаттығу және т.б.) қолданып отырады. 1, 2-сынып оқушыларының ақыл-ой әрекетінен гөрі сыртқы іс-әрекеттерді орындауда зейіні неғұрлым тұрақты. Бұл ерекшелікті ақыл-ой сабақтарын графикалық схемалар, суреттер, макеттер, аппликациялар жасаумен алмастыра отырып сабақтарда пайдалану абзал. Қарапайым, бірақ біркелкі сабақтарды орындауда бастауыш сынып оқушылары жұмыстың түрлері әдістері мен тәсілдерін қолдануды талап ететін неғұрлым күрделі тапсырмаларды шешу кезіндегіден көрі көбірек алаңдайды.

Зейінді дамыту, сондай-ақ оның көлемін кеңейтумен және зейінді іс-әрекеттің алуан түріне бөле білумен байланысты. Сондықтан оқу тапсырмаларын былайша қойған дұрыс: бала өз тапсырмасын орындай отырып, жолдастарының жұмысын қадағалауы керек және қадағалай алатындай етіп, мысалы, берілген мәліметті оқи отырып, оқушы басқа оқушылардың мінез-құлқын тексеріп отыруға міндетті. Қате жіберіп алған жағдайда ол жолдастарының теріс әсерін байқап, оны өзі түзетуге тырысады. Кейбір балалар сыныпта зейінін бөле алмайтындықтан «алаңғасар» болады: олар бір іспен айналысып отырып, басқаларын естен шығарады. Мұғалім оқу ісінің әр түрін балалар бір мезгілде бірнеше іс-әрекетті бақылауды үйренетіндей (алғашында, әрине, біршама қарапайым), жалпы жанама жұмысқа даярланатындай етіп ұйымдастыру керек.

Есте сақтауды дамыту. Мектепке келген жеті жасар бала көбінесе сырттай ашық және эмоциялы оқиғаларды, суреттерді, әңгімелерді дәл есте сақтайды. Бірақ мектеп өмірі бастан-ақ балалардан материалдарды еркін есте сақтауды талап етеді. Оқушылар күн режимін, мінез-құлық ережелерін, үй тапсырмала-

рын арнайы есте сақтауы тиіс, ал одан кейін оларды өзінің мінез-құлқына басшылыққа ала білуі немесе, оларды сабақта еске түсіре білуі керек. Балалар ең мнемикалық міндеттерді ажырата алтын болады. Олардың біреуі материалды дәлме-дәл есте сақтауды, екінші оны тек өзі сөзімен айтып шығуды қарастырады және т.б. Бастауыш сынып оқушыларының есте сақтауының табыстылығы олардың мнемикалық міндеттердің сипатын түсінуіне, есте сақтау мен еске түсірудің тиісті әдіс-тәсілдерін меңгеруіне байланысты.

Ал алғашында балалар ең қарапайым тәсілдерді қолданады – материалды мағыналық бірліктері бойынша сәйкес келмейтін бөлшектерге бөлу кезінде оны, әдетте, бірнеше қайталау. Есте сақтау нәтижесін баланың өзінің тексеруі тану деңгейінде ғана болады. Мысалы, бірінші сынып оқушысы тексті бір қарайды да таныс сияқты болып көрінгесін жаттап алдым деп ойлайды. Аздаған ғана балалар есте еркін сақтаудың тиімді әдістерін қолданады. Көпшілігі мектепте және үйде арнайы әрі ұзақ үйретуді керек етеді. Мұндай жұмыстың бір бағыты балалардың мағыналық жағынан есте сақтау әдістері қалыптастыруымен, екіншісі - уақытпен белгіленген еске түсіру тәсілдерін, есте сақтау нәтижелерін өзіндік тексеру тәсілдерін қалыптастыруымен байланысты.

I-ден III сыныпқа қарай оқушылардың көрнекі мәліметтерді есте сақтау тиімділігіне қарағанда сөзбен айту мәліметтерін есте сақтауының тиімділігі тезірек өседі, бұл балаларда түсініп есте сақтау әдістерінің тез қалыптасуымен түсіндіріледі. Бұл тәсілдер негізінен сөз құрылымы көмегімен бекітілетін елеулі қатынастарды талдаумен байланысты. Сонымен қатар оқыту процестері үшін көрнекі үлгілерді есте ұстау маңызды. Сондықтан ерікті және еріксіз есте сақтау әдістерін оқу материалының екі түріне – сөз жүзіндегі және көрнекі-логикалық ой үрдісін қалыптастыру керек.

Қиялды дамыту. Жүйелі оқу ісі балалардың қиялы сияқты маңызды психологиялық қабілетті дамытуға көмектеседі. Бастауыш мектеп оқушыларының мұғалімнен еститін және кітаптан оқитын мәліметтерінің көпшілігі картиналар мен кестелерді сөзбен бейнелеу түрінде болады. Оқушылар болмыс бейнелерін әрдайым есте жаңғыртып отыруы тиіс (әңгіме кейпкерлерінің мінез-құлқын, өткен оқиғаларды, ландшафтарды, кеңістікте геометриялық фигуралар қояда және т.б.)

Бірінші сынып оқушылары көбінесе қандай да бір өтіп жатқан

объектінің бастапқы және ақырғы жайын ғана елестетеді. 3-сынып оқушылары объектінің көптеген аралық жағдайларды тура тексте көрсетілгені сияқты да және сол іс-әрекеттің сипатына қарай жобалап та нәтижелі елестетіп және айтып бере алады. Балалар болмыс бейнелерін оларды тікелей сипаттамай-ақ немесе ерекше нақтыламай-ақ немесе жалпы схема-графикті басшылыққа алып отырып жаңғырта алады. Мысалы, оқушылар сабақтың басында тыңдаған әңгімелері бойынша үлкен шығарма жаза отырып шарты абстрактылы графикалық схема түрінде берілген математикалық есепті шеше алады.

Ойлауды дамыту. Бастауыш мектеп оқушыларының ойлауын дамытуда да екі негізгі саты байқалады. Бірінші сатыда (ол шамамен 1, 2-сыныптағы оқытуға тура келеді) олардың ойлау әрекеті көбіне әлі мектеп жасына дейінгі баланың ойлауын еске түсіреді. Оқу материалын талдау бұл жерде көрнекі әсер ету жоспарында басым болады. Оқушылар нақты заттарға немесе оның дәл баламаларына, бейнелеулерге сүйенеді (мұндай талдауды кейде практикалық әсерлі немесе сезімді) деп атайды.

1, 2-сыныптың оқушылары кейде заттар мен жағдайларды олардың қандай да бір жеке сыртқы белгісі бойынша жиі бағалайды. Балалардың ой қорытулары көрнекі алғы шарттарға, қабылдау деректеріне сүйенеді. Қорытынды жасау логикалық дәлелдер негізінде емес, пісірілудің қабылдаған мәліметтерге тура қатынасы жолымен жүзеге асырылады. Мысалы, мектеп өмірінде қандай да бір фактілерді бақылап, балалар тиісті қорытындылар жасай алады: «Жазира өз гүлдерін суармап еді, олар құрап қалды, ал Тоғжан гүлдерді жиі суарған еді, олар жақсы өсіп тұр. Гүлдер құлпырып жақсы өсу үшін оларды жиі суару керек».

Бұл кезеңдегі балалар жасайтын жинақтау заттардың көзге түсетін белгілерінің күшті қысымымен болады. Бұл сатыда туындайтын жинақтаулардың көпшілігі заттар мен құбылыстардың бетінде жататын нақты қабылданған белгілер мен қасиеттерді қамтиды. Мысалы, септік жалғауларын жалғауды екінші сынып оқушылары біршама дұрыс қолданады.

Екінші кезеңнің аяғына қарай оқушылардың көпшілігі бұрынырақ жинақталған ұғымдары шеңберінде оларды ойша талдау мен құрастыру арқылы қорытынды жасайды.

Оқушылардың тұтығып сөйлеуі және оны түзету жолдары

Л. ЭРГЕШОВА

Психологиялық әдебиеттерге сүйенсек, тұтықпа – сөйлеу мүшелерінің бұлшық еттерінің тартылу салдарынан сөйлеудің ырғақтығының, жылдамдығының бұзылуы.

Қазіргі кезде тұтықпа пайда болған уақытта бірден түзету шараларын қолдану керектігі көпшілікке мәлім. Экологиялық, психологиялық фактордың әсерінен және белгісіз себептерге байланысты сөйлеу қабілетінде ауытқуы бар, мүмкіндігі шектеулі балалар саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Әдетте бұл кемістік бастапқы сатысында жеңіл түрде болады, бірақ жеңіл де әрең байқалатын тұтығуы бірте-бірте күшейе түсуі мүмкін. Тұтықпаны басталған мерзімінен көп уақыт өткен сайын, баланың мінез-құлқының өзгеруіне себепкер болатын ауыр да, тұрақты кемістікке айналады. Ол баланы қалыпты қарым-қатынастан айырады, өзіне деген сенімсіздік пайда болып, жақсы оқуына да кедергі жасайды. Сондықтан аталған сөйлеу кемістігін баланың мектепке келмей тұрған кезінде түзету керек, өйткені мектеп жасына дейінгі тұтықпа балалармен жүргізілген жұмыс нәтижелі болады.

Тұтықпамен күресте комплексті әдістерді қолдану жағдайында ғана үлкен жетістіктерге жетуге болатындығын теория мен практикада іс жүзінде дәлелденіп отыр.

Тұтықпамен күрес комплексті әсер ету мынандай бағыттардан тұрады:

1. Медициналық ем беру арқылы әсер ету – ол баланың жүйке жүйесінің функциясы қалыпты жағдайда болуына мүмкіндік жасайды және психотерапия мен логопедиялық жұмыстар үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Жұмыс нәтижесін айқындай түсуге көмектеседі,

2. Психотерапиялық әсер ету – барлық логопедиялық жұмыс кезінде жүргізіледі. Ол баланы тұтығусыз сөйлей алатынына сендіру. Бұл бағыттағы жетістіктерге құрбыларын, тәрбиешілерін немесе ата-анасын қатыстыра отырып, баланың көңіл аударуын бөлу, белгілеу жазып алу,

3. Логопедиялық әсер ету – бұл ұзақ уақыт бойына, жүйелі түрде жүргізілетін жүйелі сабақтар кешені. Бұл сабақтың негізгі мақсаты өмірдің кез келген жағдайында тұтығудың жеңіл түрінен бастап, күрделі, қиын

түрлеріне дейін балаларды дұрыс және еркін сөйлеуге дағдыландыру болып табылады,

4. Логопедиялық ритмді ырғақ – сөзді анық, қимыл-қозғалыс музыка әуенің тыңдау, айту арқылы реттеу, дамыту, сөйлеу кемшілігін түзеу. Ол әр түрлі жаттығулар мен ырғақтар немесе балалардың сөйлеуіне байланысты қозғалыс ойындарынан тұрады. Мұндай жаттығулар мен ойындар жалпы және сөйлеу моторикасының дамуына ықпал етеді, сигнал бойынша әрекет жасауға, өзін-өзі меңгере білуге, ырғақты сезінуге тәрбиелейді, қозғалыс координациясын дамытады.

5. Тұтығатын баланың жеке басына қоршаған ортасының әсер етуі – бұл түзеу – тәрбие жұмыстарының барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады. Мұғалімдер мен ата-аналар баланы өзіне-өзінің сөйлеу кемістігін түсініп, одан құтылу жолдарын ойлауға тәрбиелеу қажет, сабақтарды әрбір кезеңдеріндегі қол жеткен жетістіктерді сезінуіне қолдау жасап, түбінде толық болатын, яғни тұтығудан біржолата құтылып, дұрыс сөйлей алатынына көзін жеткізу керек. Тұтығудан айыру үшін баланың араласатын ортасының дұрыс сөйлеуінің үлкен маңызы бар. Балалар баяу, асықпайтын, бірқалыпты сөйлеуді түсіну керек. Сонда олар өздері де қалыпты сөйлеуге дағдыланады. Баламен бірқалыпты қарым-қатынаста болған жөн. Кішкентай ғана жетістігін сол мезетте елеп, мадақтап отыру қажет.

Ата-аналар, егер бала кішкене тұтықса да, бұл өте сирек болады, дереу маманға апару керек екендігін түсіну өте маңызды. Кішкене стресстің болуы, қорқу және шаршау тұтығуды күшейтуі мүмкін.

Сөйлеудің дамуы сонымен қатар қол саусақтары – ұсақ моториканың дамуымен тығыз байланыста. Бұнда пирамида, кубик, мозайкалардың көмегі мол. Тұтығатын балалардың сөйлеу тілінің дамуы осындай жүйелілікпен жүруі тиіс. Ол үшін заттардың немесе іс-әрекеттердің, көрнекілігі міндетті түрде қажет. Өйткені, балалар көз алдындағы заттарды атап, әрекеттерді айтып беруге қиналмайды. Қажетті сөзді таба алмай қиналған жағдайда сілтеу есімдіктерін қолданады. Мысалы, бұл, анау, сондай, т.б. Мұнда тұтығу байқалмайды. Көрнекілікті бірте-бірте азайта отырып, балалардың сөйлеуін күрделендіруге болады. Сөйтіп көрнекіліксіз-ақ контексті сөйлеуді қолдану қабілетін дамытуға болады. Тұтығатын балалардың өз бетімен байланыстырып сөйлеуінің даму жүйелері қарапайымнан күрделілікке қарай құрылуы тиіс. Алғашқы сабақтардан бастап, балалар логопедтің сұрақтарына жай және қысқа сөз тіркестермен жауап береді. Ойыншықты түрлі заттарды геометриялық формалары, олардың үлкендігі түсі, әртүрлі

іс-әрекеттері аталады. Одан соң балалар заттар мен орындалған іс-әрекеттің көрнекілігі бойынша кең таралған жай сөйлемдермен жауап береді. Мысалы, соңында балалар логопедтің қиын сұрақтарына жауап бере отырып, тұтықпай сөйлей алатын қабілетке ие болады. Мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу дамуының мұндай кезектілігі мен жүйелілігі баланың керекті сөздерін оңай және жылдам табуына, ойын құруына, мүдірмей сөйлеуіне жағдай туғызады. Бұл жүйелілік принципі басқа да көптеген әдістерді пайдалана отырып сабақ жүргізгенде ескеріледі. Логопедиялық сабақтар «Кабинеттегі тәрбие мен оқытудың бағдарламасымен және жалпы күн тәртібіндегі жағдайлармен байланысты болу керек». Жоғарыда айтылғандай, балалардың өз бетімен байланыстырып сөйлеуін дамыту үшін мынандай жағдайлар жасау қажет. Алдымен, көрнекілікті кеңінен пайдаланып, кейінірек оларды бірте-бірте азайтуға мүмкіндік беру және мектепке дейінгі нақты көрнекіліксіз-ақ ойын анық жеткізуге дағдыландыру қажет. Бұл үшін бейнелеу әрекеті кезінде қағаздан, картоннан және басқа материалдардан құрау, дайын қиындылардан аппликация жасау, саз балшық пен пластилиннен жасау, қарындашпен, бояумен сурет салу балалар заттарды көреді, заттарды өз қолымен жасауға тырысады, белгілі бір жүйелікпен әңгімелейді.

Сөйлеудің дамуы қол саусақтары ұсақ моториканың дамуымен тығыз байланыста. Бұнда пирамида, кубик, мозайкалардың көмегі мол.

Тұтықпаны болдырмау үшін баланы артикуляциялық аппарат бекімейінше 4 жасқа дейін дұрыс, таза сөйлеуге үйрету, дұрыс айтылмаған сөздерін дұрыстауға мән беру керек. Бұлай болмаса баланың ойлау қабілеті сөйлеу қабілетінен асып кетеді, нәтижесінде өз ойын айтуына, сөздік қоры мен грамматикалық әдістері жетіспейді. Соңында бала тұтыға бастауы мүмкін.

Тұтықпаны жоюды тиімді ұйымдастыру үшін үйде тыныш жағдай жасау керек. Ұзақ уақытқа дейін баланы қонаққа апаруға болмайды. Осы уақыт аралығында өзінен кіші, мінез-құлқы ұқсас балалармен ойнауы тиіс. Бала сөйлеуі дұрыс қалыптасса, нерв жүйесінің тынығуына, демалуына мүмкіндік береді. Теледидардан балаға тек қана жас ерекшелігіне сай фильмдер мен бағдарламалар көрсетіп, ол ұзақ уақытқа созылмауы қажет. Сондай-ақ маңызды нәрсе, сол қолымен жұмыс жасайтын баланы оң қолымен жұмыс жасауға мәжбүрлемей, таңдауды өз қалауына қалдыру керек. Баланың өз еркімен жұмыстануы үлкен жетістікке жеткізуі мүмкін.

Жасөспірімдердің девиантты және делинквентті мінез-құлықтары жайлы

Ж. АШАБЕКОВА

Мақсаты: оқушылардың арасында зерттеу жұмыстар жүргізу арқылы девиантты мінез-құлықты балаларды анықтау, қиын балалармен алдын алу іс-шараларын жүргізу.

Девиантты мінез-құлық (лат. *deviatio* – ауытқу) – жалпыға ортақ ережелерден ауытқитын әлеуметтік іс-әрекет, осы ережелерді бұзатын адамдар мен әлеуметтік топтардың қылықтары, қабылданған құқықтық немесе моральдық нормаларды бұзған адамның мінез-құлқы. Кең мағынасында девиантты мінез-құлық кез келген әлеуметтік ережелерден (мысалы, оның ішінде жағымды: батырлық, аса еңбекқорлық, альтруизм, өзін құрбан ету, аса үлкен рөл ойнау, жетістіктермен қатар, жағымсыз: қылмыс, қоғамдық тәртіпті бұзу, адамгершілік ережелерін, дәстүрді, әдет-ғұрыптарды аттап өту, өзіне-өзі қол жұмсау және т.б.) ауытқушылықты білдіреді.

Мұндай девиантты мінез-құлық әлеуметтік өмірді ыдыратып, әлеуметтік аномияға әкеп соқтырады. Әлеуметтенудегі девиантты мінез-құлық тұжырымдамасын қалыптастырған француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм. Ол әлеуметтік девиацияны түсіндіру үшін аномия тұжырымдамасын ұсынды. «Аномия» термині француз тілінен аударғанда ұжымның, заңның болмауы. Ал, Роберт Мертон мінез-құлық ауытқушылығының себебін қоғамның мәдени мақсаттары мен оған жетудің әлеуметтік мақұлданған жолдарының арасындағы үйлеспеушілік деп түсіндіреді. Девиантты мінез-құлықтың көрсеткіштеріне: агрессия, демонстрация, оқудан, еңбектен бет бұру, үйден кету, ішімдік ішу, нашақорлық, қоғамға жат қылықтар, жыныстық жат мінез-құлық, суицид, т.б. жатады.

Делинквентті мінез-құлық. Ол заң бұзушылықпен ерекшеленеді.

Оның мынадай типтері бар:

1. Агрессивті-зорлаушылық мінез-құлық. Бұл жеке тұлғаға көрсетілетін дөрекілік, төбелес, күйдіріп-жандыру сияқты жағымсыз іс-әрекеттерде көрініс береді;

2. Ашкөздік мінез-құлық (корыстное поведение) ұрлық, қорқытып-үркіту, автокөлік ұрлау, жалпы материалдық пайдакүнемдікке байланысты жат мінез-құлық;

3. Наша сату және тарату.

Криминалды мінез-құлық заң бұзушылық болып табылады. Балалар сот үкімі арқылы жасаған қылмысының ауырлығына байланысты жазаланады.

Девиацияны зерттеуші көптеген ғалымдар девиантты мінез-құлықтың пайда болу факторларын түрліше түсіндіреді. Біріншілері оларды екі үлкен топқа ішкі және сыртқы факторлар деп бөлсе, екіншілері оларды бөлмей былай қарастырды. **Мысалы:** жанұяда берекенің болмауы; ата-ананың «ерекше» қамқорлығы; тәрбие берудегі кемшіліктер; өмірде кездесетін қиыншылықтар мен күйзелістерді жеңе алмау; өмірлік дағдының болмауы, айналысындағы адамдармен, құрбыларымен жарасымды қатынасқа түсе алмауы; сырттан келген қысымға төтеп бере алмау, өз бетінше шешім қабылдай алмау, сынаушылық ойды дамыта алмау; психоактивті заттарды жиі пайдалануы; агрессиялық жарнаманың ықпалды болуы; мектептерде психологиялық көмек көрсету қызметінің нашар дамуы; балалар мен жасөспірімдердің бос уақытының көп болуы.

Көбіне зерттеушілер мұндай оқушыларды «Қиын оқушылар», «Мінез-құлқында ауытқуы бар балалар», «Девиантты балалар» деп қарастырып жүр. Жалпы девиантты мінез-құлық және қиын балалар ұғымына келетін болсақ, ол 1920-1930 жылдары пайда бола бастады. Бастапқыда ғылым саласында емес, күнделікті өмірде қолданылып жүрді. Біраз уақыт ұмытылып, 1950-1960 жылдардың басында қайтадан қолданысқа енді.

Ең алғаш бұл мәселе бойынша зерттеу жүргізген П.П. Блонский болды, ол өз зерттеулерінде девиантты деп мінез-құлқы шамасынан ауытқыған, кәмелетке толмаған балаларды қарастырды. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықты мәселесін қазақстандық педагог-психологтар мен әлеуметтанушылар да қарастырып жүр (А. Жұмабаев, Л. Керімов, Э. Шыныбекова, Г. Уманов, Ш. Жаманбалаева, Д. Қазымбетова, Т. Шалғымбаев, А. Қарабаева). Бұл зерттеушілердің пікірінше, девиантты сияқты жағымсыз қасиеттің қалыптасуына әлеуметтік-педагогикалық факторлардың әсер ететінін зерттеген.

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықтарын спорт, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру, мектепке деген ықпалды күшейту, бойындағы белсенділікті арттыру, ұжымдағы әрекеттерге араластыру арқылы жеңудің әр түрлі жолдарын көрсетіп берген. Девиантты мінез-құлық мәселесі психологиялық тұрғыдан Л.С. Выготскийдің еңбектерінде қарастырылады, сонымен қатар А.С. Макаренконың тәжірибелерінен де үлкен орын алады.

Девиантты мінез-құлықты емдеу жалпы мемлекеттік міндет және оның

тиімді дамуы педагогтар, психологтар, заңгерлер, дәрігерлер, әлеуметтік жұмыскерлер, журналистердің біріккен әрекеттерінің нәтижесінде іске асуы мүмкін. Бұл жұмыс бірінен соң бірі және кезең бойынша жүргізілуі тиіс.

Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің тұлғасын қалыптастыруда жүргізілетін жұмыстар жүйесінің екі бағыты қарастырылды:

1. Тұлға дамитын ортадағы материалдық жағдайды қамтамасыз ету;
2. Жасөспірімдерді тәрбиелеу.

Бұл екі бағыт өзара тығыз байланысты болғандықтан оларды кең көлемде қарастырайық.

Отто Рюле «аштық» тек адамның ағзасына ғана әсер етіп қоймайды, сонымен қатар оның моралдық тұрақтылығына да әсер етеді. Аштықтың нәтижесінде физикалық және моралдық тұрғыдан құлдыраған адам тұлғасын елестету өте қиын. Материалдық жағынан қамтамасыз етілмеу адамдарды ессіздендіреді, ұят деген сезімнің жоғалуына итермелейді, ар мен адамдық сезімнің жоғалуына әкеледі. Американдық ғалым Гер-барт Антекер: «Кедей адамдар белгілі себептерге байланысты қатігездік жасауға бейім болады», - деген.

Сонымен жоқшылық адамдағы адами қасиеттердің жоғалуына әкеп соғады. Сондықтан материалдық жағдайды жақсарту керек. Бірақ сонымен қатар рухани белгілерді де бөліп алып тастауға болмайды. Көптеген ғалымдардың дәлелдеулеріне қарағанда қазіргі жастардың ең бір кемшілігі олар алдына саналы мақсат қойып және кездескен қиындықтарды жеңіп, оған жетуді ұмытқан. Шынында да, экономикалық және руханилық факторларды тұтас байланыстыра қарастырған жөн. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің мәселесіне бұл екеуін бөліп қолданған жағдайда күрделі нәтижеге алып келуі мүмкін. Ал жасөспірімдерді тәрбиелеу процесінде өзінің әрбір іс-әрекетін бақылауға мүмкіндік беретін өзін-өзі ұстау жүйесін қарастыру керек. С.Ф. Анисимованың пікірінше: «Жас ұрпақты жақын адамдарын ренжітіп алғандағы, жақсы көретін адамына қиянат жасағандағы, ұят сезімі сияқты, табиғатта мақсатсыз кесілген ағашты, уланған суды, бекітілген өзенді көргенде сондай күйзеліс сезімінде болатындай етіп тәрбиелеу керек».

Осы мәселелерді ескере отырып, біз балалар мен жасөспірімдердің тұлғасы мен мінез-құлқындағы жат қылықтардан арылту үшін төмендегідей жұмыстар жасалу керек деп ойлаймыз: жасөспірімдердің бос уақыттарын ұйымдастыру; оқушылардың жеке дара ерекшеліктерін ескеру; әлеуметтік және психологиялық қорғалуы; оқушылардың

өздерінің құқықтары мен міндеттерін білуі; маскүнемдікке, ішімдікке, нашақорлыққа, қылмыстық әрекетке бейім балаларға үлкендер тарапынан қатал жаза қолдану.

Қорыта айтқанда, девиацияға коррекция жасаушы әрбір маман ұстаз, баланың тек кейбір мінездік кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, оларды, қоғамдық өмірдің талаптарымен ұштасқан дұрыс қарым-қатынас жолына қайтып әкеліп, ары қарай қалыптаса дамуына, әлеуметтенуіне көмектесуі қажет. Бұл педагогикалық іс-әрекеттер мазмұны, қоғам өмірінде бекіген адамгершілік қадір-қасиеттер мәнімен, талаптарымен тікелей байланыстыра, адамдар арасындағы қарым-қатынастар (достық, жолдастық, туыстық, сүйіспеншілік, махаббат, т.б.) нормаларымен ұштастырыла жүзеге асырылғанда, балалар бойында **девиантты мінез-құлықтың** өріс алмауына және оларды мектеп қабырғасынан бастап әлеуметтендіруге мүмкіндік жасалады.

Ақыл-ойы кем балаларды жеке түзету-тәрбиелеу жұмысы

Д. САНСЫЗБАЕВА

Дефектолог мұғалім ақыл-ойы артта қалған мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізетін түзету-тәрбиелеу жұмысы кешенінде жеке сабақтардың маңызы зор. Оңалту орталығына балалар аптасына 2-3 рет дефектологтың сабақтарына қатысады. Сабақтарда дефектолог әрбір баланың жеке ерекшеліктерін есепке алады, психикалық дамуындағы тек оған тиісті спецификалық ауытқуларды көреді, оларды максималды түрде жеңу және бәсеңдету үшін әдістемелік тәсілдерді таңдайды; жеке түзету-тәрбиелеу жұмыстарының тиімділігін айтуға және бағалылығы мен қажеттілігін мойындауға болады. Ақыл-ойы артта қалған мектеп жасына дейінгі балалармен жеке жұмыстар күтілетін нәтижелерді беруі үшін, жалпы сабақтарда оқыту барысында байқалған спецификалық қиындықтарды жеңу мен бәсеңдетуге мүмкіндік тудыруы үшін ол міндетті түрде балалардың даму ерекшеліктерін мұқият және жан-жақты зерттеу негізінде жасалуы керек. Мұндай зерттеу баладағы олигофренияның этиологиясын ашатын клиникалық диагнозды қарастыру сияқты мұқият психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде жүргізіледі.

Ақыл-ойы артта қалған мектеп жасына дейінгі баламен жеке жұмысты ұйымдастыру мен өткізудің бастапқы кезеңі оны жан-жақты психологиялық-педагогикалық зерттеу. Ол бала Оңалту орталығына түсетін кезде өткізіледі, зерттеу оның маңызды әрекет түрлерін (заттық, ойын, бейнелілік, қарапайым еңбекті) меңгеру, қабылдауының даму, қарапайым ойлау операцияларды (еліктеу бойынша, көрнекі, еш кедергісіз көрнекілікке) орындай алу деңгейін анықтауға бағытталған. Баланың сөйлеу тілінің дамуын талдауға, оның деңгейін табуға, мүмкін болатын сөйлеу мүкістерін анықтауға басты назар аударылуы керек.

Зерттеу барысында дефектолог ақыл-ойы артта қалған баланың мінез-құлқын талдайды, үлкендермен және құрдастарымен байланыс орнату мүмкіндіктерін, мақұлдау мен кінәлауға реакциясын, қиындықтарға қарым-қатынасын, көрсетілген көмекті пайдалана алу ептілігін, әрекеттің бір түрінен келесі түріне ауысу қабілетін бағалайды. Педагог ақыл-ойы артта қалған балаға арналған түрлі тапсырмалар ұсына отырып және олардың орындалу барысын бақылай отырып, басты назарды нәтижеге емес, баланың әрекет ету әдістеріне (орындады – орындамады) аударады. Бір тапсырманы шешуде бала мақсатты байқау, көру арқылы бейімделу сияқты айтарлықтай «жоғары» әдістермен әрекет етуі, немесе қимыл және бейберекет әрекеттер деңгейіне дейін түсуі мүмкін. Баланың тапсырмаларды орындау әдістерін бағалай отырып, дефектолог психикалық дамудың жас ерекшелік талаптарына сай олардың арақатынасын белгілеуі керек, осыған сәйкес ондағы тану әрекетінің белгілі жақтарының қалыптасуы туралы қорытынды жасауы керек. Ақыл-ойы артта қалған баланың психикалық дамуының шынайы деңгейін анықтау үшін оның даму деңгейін (маңызды даму зонасы) ғана емес, таяу арадағы даму аймағын, яғни тапсырманы үлкен адаммен бірге орындауын есепке алу маңызды талап болып табылады. Дефектолог зерттеу барысында бала үйренуге белгілі мүмкіндіктерді көрсете алатын жағдайларды жасаған да ғана оның психикалық дамуының нақты деңгейі анықталатынын атап өту керек. Л.С. Выготскийдің дамудың екі зонасы туралы ережесіне сүйену арқылы ақыл-ойы артта қалған мектеп жасына дейінгі баланың бүгінгі жетістіктерін анықтаумен қатар, болашағын көруге мүмкін болып отыр.

Зерттеу аяқталғаннан кейін дефектолог 3 айға жеке даму бағдарламасын (ЖДБ) және баламен жеке жұмыс жүргізудің айсайынғы жоспарын жасауға кіріседі. ЖДБ дефектолог оқытудың толық курсында баламен жүргізілетін жұмыстың негізгі бағыттарынан тұрады. Сонымен қатар ЖДБ-ға зерттеу процесінде анықталған баланың ұсынылған бағдарламалық материалдарды меңгеруіне қиындық келтіретін мінез-құлқындағы спецификалық өзіндік ерекшеліктер мен ауытқуларды

жеңу бойынша міндеттер мен тапсырмалар кіреді. Мысалы, зерттеу барысында тапсырманы орындауда өзін ұйымдастыра алмауы, қозғалыс мазасыздығы анықталған тәрбиеленушімен сабақ өткізу жоспарланса, дефектолог өз алдына міндетті түрде оны сабақта өзін ұстау тапсырмаға ден қоюға әдеттену, басқа ойларға берілмеу, басталған істі аяғына дейін жеткізу дағдыларына тәрбиелеу міндеттерін қояды. ЖДБ жазу барысында дефектолог мұғалім нәтижесінде ақыл-ойы артта қалған мектеп жасына дейінгі баланың бойында нақты ептіліктер мен дағдылардың қалыптасуын қамтамасыз етумен қатар, оны жағымды жеке қасиеттерге тәрбиелеуге мүмкіндік беретін, ауытқулар мен мінез-құлқын түзетуге әсер ететін тапсырмаларды алға тартады. Зерттеу нәтижесі мектеп жасына дейінгі кезеңде ақыл-ойы артта қалған балаларда дамудың мектепалды кезеңіне дейін болуға тиісті білім мен ептіліктің өте мардымсыз қоры болатынын көрсетіп отыр. Оңалту орталығына түсер кезде ақыл-ойы артта қалған балалардың көбісі заттармен нашар әрекетке түседі, ойыншықтармен ойнай алмайды, икемсіз болып келеді. Бұл балалардың түс, пішін, заттардың көлемі, олардың функционалдық қызметі туралы түсініктері мүлдем жоқ немесе белгілі бір бөліктері бойынша ғана бар және бұрмаланған. Жақын заттық ортаны меңгеру, заттармен және ойыншықтармен әрекет етудің қарапайы әдістерін білу, үлкендер және құрдастарымен қарым-қатынасқа түсу дағдыларын дамыту сияқты ерте жаста жіберілген кемшіліктерді қалпына келтіру бойынша жан-жақты түзету жұмыстары керек. Балаларды оқытудың бастапқы кезеңінде жеке сабақтарда дефектолог мұғалім негізінен балалармен тікелей эмоционалды қарым-қатынас орнату, заттық-ойын әрекеті, сенсорлы тәрбие, моторика және негізгі қимылдарды дамыту бағыттарында жұмыс істеуі керек. Баланы саналы әрекет етуге үйрету үшін үлкенге еліктеу маңызды шарт болып табылады. Жұмыстың бастапқы кезеңі балалардың үлкендер сияқты әрекет ету дағдыларына машықтануына жағдай жасауы керек. Дефектолог мұғалім өз тәрбиеленушілерін алдымен бір мезгілдегі әрекеттер әдісімен (қажет болған жағдайда), сосын үлкендердің артынан бейнелей отырып және соңында үлкен адам көрсеткен әрекетке бейімделе отырып әрекет етуге үйретеді. Жеке сабақтардағы жұмыс тәжірибесі оның балаларды оқытуда тиімділігін көрсетті. Сонымен, мысалы ақыл-ойы артта қалған балалар қимылдардың кезеңдерін бақылауды, олардың бейнелерін есте сақтауды, қажетті бірізділікпен еске түсіруді үйренеді. Ақыл-ойы артта қалған баланы тапсырмаларды кезең-кезеңімен орындауға, кезекті жұмыс түрінің дауыстап жоспарлауға үйрету ондағы мінез-құлықтың реттелуіне жағымды әсер етеді, оның жағдайын толық қалыпқа келтіреді.

Сказкотерапия как метод активизации ресурсов личности

Л.В. КАВЕЛИНА

Обогащение практической психологии новыми средствами эффективной работы с детьми, в частности, **сказкотерапией** – отрадное явление последнего десятилетия. До последнего времени практическая психология образования явно недостаточно использовала развивающий психотерапевтический потенциал сказок. А ведь **сказкотерапия** оказывается эффективной в работе не только с дошкольниками и младшими школьниками, но и с подростками и старшеклассниками. Более того, существуют психотерапевтические сказки для учителей и родителей.

Рассказывание историй – древнейший способ человеческого общения и, пожалуй, один из наиболее подходящих детям. Так пишет про это известный психолог и психотерапевт Д. Бретт: «Нам, взрослым следует помнить, что если мы хотим научить ребенка чему-либо или передать ему какую-то важную мысль, нужно делать так, чтобы эта было узнаваемо, удобоваримо и понятно. Если мы хотим объяснить что-то сложное француз, то, разумеется, преуспеем в этом больше, если будем говорить на французском языке. Общаясь с детьми, старайтесь говорить с ними на языке, который им понятен и на который они лучше отзываются, - на языке детской фантазии и воображения».

Рассказы, в особенности сказки, всегда были самым эффективным средством общения с детьми. Сказки передавались и передаются из поколения в поколение на протяжении веков и находят отражение в культурах разных народов. А сейчас используя специальные психологические сказки этот метод приобрел особенное значение, особенно в педагогике.

Сказкотерапия, как метод активизации ресурсов личности очень органично входит в структуру многих занятий и «тренингов для детей, подростков и взрослых. Метод сказкотерапии с использованием терапевтических метафор приводит к усвоению основной идеи метафоры: в сложной ситуации необходимо искать ресурсы внутри самого себя, и это обязательно приведет к успеху. Таким образом, у человека формируется и укрепляется «Механизм самопомощи». На основе метода сказкотерапия применение таких методов как ролевая гимнастика, психодрама, психогимнастика, коммуникативные игры, игры и задания, направленные на развитие произвольности и познавательных процессов у

детей и релаксационные методы происходит более успешно и глубоко.

Мне бы хотелось подробнее остановиться на использовании метода сказкотерапии на занятиях. Групповая работа по методу сказкотерапии может осуществляться в разных формах:

1. Прослушивание сказок и анализ (интерпретация)

Цель – осознание, интерпретация того, что стоит за каждой сказочной ситуацией, фразой, появлением новых героев, конструкцией сюжета.

Групповое рассказывание сказок. В этом случае рассказчиком является группа детей (подростков или взрослых). Рассказывается известная всей группе сказка. Каждый участник по очереди рассказывает маленький кусочек сказки. Повествование разбивается на отрывки произвольно, в зависимости от того, какую часть рассказа берет на себя предыдущий рассказчик. Если рассказывание проводится в детской группе, то и я могу участвовать в рассказывании;

2. Рассказывание известной сказки и придумывание к ней продолжения. После того, как сказка рассказана, участники группы придумывают к ней продолжение, причем последний рассказчик должен закончить сказку;

3. Групповое придумывание сказки. Кто-то начинает говорить первую фразу, например: «В некотором царстве, в некотором государстве...» Следующий участник группы присоединяет к сказочной фразе одну или две фразы и так далее;

4. Рассказывание сказки от первого лица и от имени различных персонажей сказки. Участники группы выбирают сказку, которую они собираются рассказывать и распределяют персонажи между собой. В группах дошкольного и младшего школьного возраста интересно будет инсценирование сказок.

Весь процесс работы с группой детей можно условно разделить на три стадии.

ПЕРВАЯ стадия обычно занимает два-три занятия и является подготовительной. Ее задача – объединение детей в группу и принятие ими правил и специфики такой работы. На первом занятии обычно оговариваются «правила и права» общения детей в группе. Здесь устанавливается контакт с группой и знакомство детей друг с другом, если группа была набрана.

Чтобы правила в группе соблюдались, число их должно быть минимальным, но эффективным.

Игры и сказки, используемые на первой подготовительной стадии, носят, по большей части, непроблемный характер и не направлены сразу на решение серьезных проблем у детей. На данном этапе важно, чтобы

дети почувствовали себя комфортно, наладили контакт друг с другом и с психологом (психотерапевтом). На этом этапе важно использование иных техник: арт-терапии, игровых упражнений.

Когда дети уже привыкли к ситуации и познакомились друг с другом, можно переходить к **ОСНОВНОЙ стадии** работы, цель которой – помочь ребенку в решении трудных для него ситуаций, проблем и в преодолении нежелательных черт характера. На этой стадии используются различные игры, такие как ролевые, связанные с сюжетом сказки, психотерапевтические, направленные на разрешение трудностей и проблем детей, сплочение группы, осознания групповой поддержки. Сказки, используемые на этой стадии, также будут носить проблемный характер, и касаться либо таких человеческих тем, как выбор и ответственность за свое поведение, любовь и уважение к другим людям, взаимопомощь, либо более конкретных проблем, например, связанных с неуверенностью, агрессивностью, детско-родительскими отношениями, нерешительностью, неумением общаться со сверстниками и т.д. Рисунки на этой стадии могут уже отражать реальные проблемы ребенка.

ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНАЯ стадия содержит проигрывание трудных ситуаций и способов их разрешения, а также прослушивание сказок с позитивно окрашенным прогнозом на будущее.

Необходимо отметить, что существует ряд детских проблем, для решения которых групповая работа малоэффективна и даже нежелательна на первых порах. С детьми крайне агрессивными, эгоцентричными, конкурирующими со своими братьями, сестрами или же с детьми, переживающими сильный стресс, кризис, лучше поработать индивидуально и лишь затем, когда большая часть проблем решена, можно включать их в групповую работу. Напротив, для детей замкнутых, малообщительных, пассивных, не владеющих элементарными навыками общения, с заниженной самооценкой, страдающих страхами и фобиями, проведение групповой работы полезно и дает хорошие результаты.

План проведения занятия может быть произвольным. Удобно, когда сеанс начинается с ритуальной песни или игры. Затем проходит небольшое обсуждение того, что случилось с детьми за время, прошедшее с момента предыдущего занятия, их успехов и неудач, после чего проводится ряд психотерапевтических игр. Затем дети все вместе слушают сказку, потом рисуют, обсуждают свои рисунки. В конце занятия подводятся итоги того, как прошло занятие, и исполняется ритуальная песня или игра.

Занятия лучше сопровождать музыкальным оформлением, как при прослушивании сказок, так и при рисовании, что создает дополнительные условия для терапевтического эффекта.

Какова же должна быть **структура сказки**, чтобы обеспечить ее терапевтическое воздействие? Различные авторы несколько по-разному отвечают на этот вопрос, но у всех можно выделить следующие ступени:

1. *Метафорический конфликт* – появление ситуации, в которой герою становится плохо из-за имеющейся у него проблемы (непохожести на других, наличия страхов и т.д.);
2. *Метафорический кризис* – наступление невыносимой для героя ситуации, несущей символику смерти;
3. *Поиск и нахождение ресурсов внутри себя* - открытие героем в себе новых возможностей, необходимых для разрешения кризиса.
4. *Торжество и праздник* – приход ситуации успеха и признания со стороны окружающих.

Кроме того, все авторы утверждают, что необходимым условием успешной работы с метафорой является наличие изоморфности (похожести) между жизненной ситуацией ребенка и предлагаемой ему сказкой, чтобы ребенок умел отождествить себя с персонажами и событиями сказки. Таким образом, сказка должна соответствовать симптому или конфликту конкретного ребенка. Однако, из своего опыта работы могу сказать, что возможен и другой способ работы с терапевтической сказкой, основанный на следующем предположении. Особым образом организованное систематическое предъявление детям метафор, даже не всегда соответствующих их проблемам, приведет к усвоению ими основной идеи метафоры: ***е сложной ситуации необходимо искать ресурсы внутри самого себя, и это обязательно приведет к успеху.*** Таким образом, у ребенка формируется механизм самопомощи - ищи силы для разрешения конфликта в самом себе, ты их обязательно найдешь, и ты наверняка победишь трудности. Кроме того, постановка в качестве цели психологической поддержки детей, формирование у них механизма самопомощи, а не организация работы с конкретным симптомом ребенка позволяют перейти от индивидуального классического способа работы с ребенком к работе с группой детей, что наиболее соответствует реальной обстановке в нашем образовании.

Полностью все возможности терапевтической метафоры раскрываются на групповых занятиях с детьми. Здесь не имеет большого значения форма занятий – тренинг, развитие внимания или урок немецкого. Метафора органично «вписывается» в контекст любой вербальной деятельности человека.

Организация работы здесь предельно проста и строится по триаде «рассказ - рисунок -драматизация».

И, безусловно, каждый этап только выигрывает от подробного обсуж-

дения с детьми сюжета сказки, тем рисунков и их чувств, вызванных разыгрыванием истории.

Необходимо, чтобы у детей в группе были равные возможности рассказать о своем рисунке, выразить отношение или принять участие в игре. Если я ставлю сказку – то имею в виду, что каждый желающий должен получить возможность побыть ее главным героем.

Наибольшую сложность всегда вызывает именно драматизация, поэтому остановимся на ней подробнее.

Занимаясь с детсадовской группой, я обычно назначаю главного героя, а тот в свою очередь сам выбирает остальных. Оставшиеся дети – зрители, однако необходимо по возможности привлекать и их – в качестве «массовки» (звери в лесу и т.п.). После распределения ролей дети размещаются в «сказочном пространстве» (например, в домике из стульев) и я начинаю читать текст, одновременно давая инструкции детям, что им нужно делать. Вся прямая речь должна быть четко проговорена каждым героем (повторена за мною). По возможности герой должен озвучивать свои мысли: «зайчик обиделся на маму» – ребенок с обиженным лицом говорит: «Я обиделся на маму, мне обидно».

Ключевые фразы обязательно акцентируются четкостью и громкостью проговаривания, а также повторениями. Необходимо приветствовать любые детские импровизации, мягко направляя их развитие в основное русло повествования.

Особое внимание необходимо уделить окончанию. Оно должно быть торжественно по форме и эмоционально по содержанию и обязательно включать в себя «зalog» на будущее: «и с этого дня..., теперь зайчик стал...».

Интересно, что часто дети, идентифицируя себя с героями сказок, общаются об этом группе. Иногда дети говорят, что и у них был когда-то подобный случай. Обычно я в таких ситуациях еще раз обращаю внимание детей на положительный финал сказки, помогаю перенести его в конкретную ситуацию жизни ребенка.

С младшими школьниками разыгрывание сказки может проходить более «вольно». После того как дети освоятся с подобной деятельностью, можно начинать организовывать самостоятельные постановки, в которых роль режиссера выполняет один из детей. Дети 3-4 классов могут читать текст на память, сверяясь с полученным от меня материалом. Роль ведущего здесь-либо «супервизора», стороннего наблюдателя, либо равноправного участника, играющего вместе с детьми, что, конечно же, более эффективно.

Также здесь могут начаться сложные импровизации либо развива-

ющие сюжет сказки, либо «уводящие» в сторону. Причем последние могут дать очень интересную информацию, являющуюся поводом для размышления о причинах такого «ухода» и их исследования. Все интересующие меня вопросы мы, как правило, обсуждаем в процессе групповой работы - часто это может превзойти эффект, полученный непосредственно от метафор, от их сюжета.

Часто уже в процессе обсуждения дети делают достаточно серьезные выводы. Иногда дети обращаются к содержанию сказки в последующие дни. «Как тот ежик» - через полгода после прочтения сказки говорили дети о ребенке, который привлекал к себе внимание деструктивными выходками.

Если же говорить об использовании метафоры в работе с подростками, то здесь ситуация одновременно и сложнее и проще. Проще – потому, что у них больше возможностей самостоятельной работы. Сложней – потому, что подростков не так-то просто подвести к необходимости участия в такой работе. Здесь уже трудно давать конкретные советы. Можно лишь подчеркнуть, что результат работы будет находиться в прямой зависимости от наших отношений с детьми. Основа для общения с подростками – это естественность, искренность, уважение точки зрения другого и принятие их как личностей. Отнюдь не нужно под них подстраиваться – необходимо просто быть самим собой.

Жас педагогтарға психологиялық қолдау көрсету

Б. БАТЫРФАЛИЕВА

Мақсаты: жас мамандарға психологиялық қолдау көрсету, мұғалімдерде оқу жылы басында кездесетін күйзелістердің алдын алу, өзін-өзі тануына деген қызығушылықтарын және өнімді еңбек етуге деген құлшыныстарын арттыру, ұжымда психологиялық жағымды атмосфера қалыптастыру

Қажетті құралдар: компьютер, жағымды әуен, мақалдар жазылған қағаздар, жүрекшелер.

Жүру барысы:

1. Кіріспе;
2. «Таныстыру» жаттығуы;

3. Жас мамандарға кеңес;
4. «Жұлдызды сәт» жаттығуы;
5. Тест-релаксация;
6. «Сыйлық» жаттығуы;
7. Кері байланыс;
8. Қорытынды.

Кіріспе. Қатысушыларға тренингтің мақсаты және топ ережесі таныстырылады.

Топтың ережесі:

- Қысқа сөйлеу;
- Сол мәселеге қатысты өз ойын айту;
- Ішкі сезімімен бөлісу;
- Басқаларды тыңдай білу.

«Таныстыру» жаттығуы.

Мақсаты: жеке тұлғаның өзіндік танымына, өзін-өзі айқындауына, қарым-қатынас іскерлігін арттыруға бағыт беру.

Жүру барысы: қатысушылар дөңгелеке отырады. Кезекпен-кезек әр қатысушыға өзін-өзі таныстыруға уақыт беріледі. Таныстыру барысында әр қатысушы аты-жөнін, жасын, қызығып айналысатын әрекетін, өмірлік мақсатын, арман-тілегін, өмірде нені жоғары қоятынын айтуы тиіс. Өз еркіне қарай мақсаты мен арманының орындалуы үшін қандай әрекеттер орындау үстінде және орындайтынын айтады. Осылайша барлық тренингке қатысушылар өз-өздерін таныстырады.

Жас мамандарға кеңес:

Құрметті жас ұстаз! Сіз мұғалімдер қатарына кірдіңіз. Сіздің алдыңызда шығармашылық жұмыстың қуанышы күтіп тұр. Сонымен қатар көптеген қиындықтар кездеседі. Оларды жеңуге Сізге көмек беріледі. Алайда көп нәрсе Сіздің жұмысқа ізденісіңізге, рухыңыздың сергектігіне, ақ жүректілігіңізге байланысты.

Біз сізге төмендегі кеңестерді ұсынамыз:

Мұғалім деген ардақты атты қорғаңыз. Есіңізде ұстаңыз, оқушының тұлғасы мұғалім тұлғасымен тәрбиеленеді. Үнемі оқу, өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылыс-ұстаздық жұмыстың басты шарты;

Мұғалімнің білімі неғұрлым кеңірек болса, соғұрлым ол тұлға ретінде қызығырақ болады. Сол кезде оның балаға ықпалы жемісті;

Өз оқушыларыңыздың тұлғасын құрметтеңіз. Олардың адамгершілік қасиеттерін қорғаңыз және дамытыңыз. Оларға жасы үлкен дос болыңыз;

Оқушының жетістіктерін балалардың қатысында атап өткен жөн. «Өзіңізді билей» біліңіз, оқушыларға дауыс көтеруге жол бермеңіз. Оқушының тұлғасын тереңірек түсінуге тырысыңыз. Баланың ата-ана-

сымен танысыңыз, оның қызығушылығымен, талап-тілектерін біліңіз, оны қолдаңыз. Тәрбие жұмысында ата-ананы одақтас қылуға ұмтылыңыз.

Үнемі тіл мәдениетімен, мәнерлілігімен жұмыс жасаңыз.

Ұйымдастырушылық мүмкіндіктеріңізді дамытыңыз. Мұны күнделікті өмірде жасау қажет, қоғамдық тапсырмаларды орындау барысында, әсіресе, ұжымдық жұмысты ұйымдастыруда.

Жас ұстазға сабаққа қалай дайындалу керектігі жөнінде кеңестер:

Осы сабақта оқытылатын бағдарламаның бөлімін мұқият оқыңыз;

Осы бөлімге, сұраққа, тақырыпқа қатысты ғылыми материалдарды оқыңыз;

Осы сыныптың ұжымын, нақты оқушыларды ойша елестетіңіз;

Сабақтың тәрбиелік, білімділік мақсаттарын айқындаңыз. Осы міндеттерге байланысты сұрақтарға жауап жазыңыз. Сабақ нәтижесінде Сіз неге қол жеткізгіңіз келетінін ойлаңыз;

Осы нәтижеге оқушылардың жайын елестетіңіз;

Сабаққа ең нәтижелі әдістемелік әдістерді таңдаңыз;

Таңдаған әдістерді өз мүмкіншіліктеріңізбен салыстырыңыз, осы сабақтағы өз іс-қимылыңызды жобалаңыз;

Сабақтың жалпы құрылымын ойша құраңыз;

Тапқандарыңыздың бәрін сабақ жоспарына еңгізіңіз;

Ішіңізден немесе сыбырлап сабақтың оқу материалдарының басты элементтерін қайталаңыз.

Өзіңнен сұра: «Сен сабаққа дайынсың ба?»

«Жұлдызды сәт» жаттығуы

Мақсаты: мұғалімнің шығармашылық қабілетін дамыту.

Жаттығудың мазмұны: қатысушылар мақал-мәтелдер жазылған парақты суырып, ойланбастан сол мақалдың мағынасын ашу.

Басты талап: сол мақалға қатысты қызықты педагогикалық жағдаяттарды ойластыру немесе өз тәжірибесінен сәйкес келетін жағдайларды естеріне түсіріп айту.

Мақал-мәтелдер:

Не ексең соны орарсың; Жеті рет өлшеп, бір рет кес; Білімді мыңды жығады, білімсіз бірді жығады; Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы; Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға.

Тест-релаксация көк түсті құс.

Бірде бір көк құс байқаусызда ұшып келіп сіздің терезеңізге соқтығып, тұзаққа түсіп қалады. Бұл құстың тартымдылығы сонша, оны өзіңізге қалдыруды ұйғардыңыз. Бірақ, бір таңқаларлығы – келесі күні құс түсін өзгертеді, яғни көк түстен сары түске боялады. Бұл өте ерекше құс екен, әр түн сайын түсін өзгертіп отырады: үшінші күні таңертең ол

алқызыл түске, ал төртінші күні – тұтастай қара түске енеді. Бесінші күні сіз ұйқыдан оянсаңыз құс қандай түске боялған екен?

Құс түсін өзгертпейді, ол қара түсімен қала береді. Құс өзінің алдыңғы көк түсіне қайта оралады. Құс ақ түске енеді. Құс алтын түске енеді

Тест кілті:

Сіздің бөлмеңізге ұшып келген құс сәттілік символы сияқты болғанымен, оның түсінің өзгеруі бақтың да баянсыз екенін білдіріп, сізді біраз қобалжытады. Сіздің осы жағдайға деген әрекетіңіз – шындық өмірдегі белгісіздіктер мен қиындықтарды қалай жеңетініңізден де көрінеді.

1. Құс түсін өзгертпейді, ол қара түсімен қала береді дегендер, өмірге пессимистік көзқараспен қарайды.

Сіз бір қиындаған жағдайды енді түзеуге келмейді деп ойлайсыз ба? Немесе бәрі нашар, енді бұдан қиын ешнәрсе болуы мүмкін емес деген жағдайда тиылмайтын жаңбыр болмайды, бұл түннен кейін де жарығын шашып келетінін есіңізден шығармаңыз.

2. Құс өзінің алдыңғы көк түсіне қайта оралады дегендер – нағыз оптимистер.

Сіз өмір жақсы мен жаманның бірігуінен тұрады және бұл шындықпен күресу бос әурешілік деген ойдасыз. Қиындықтарды сабырлы қабылдайсыз және еш күйзеліссіз не қобалжусыз әр нәрсенің өз орнымен өтуіне мүмкіндік бересіз. Бұл көзқарас сізді өмірдің қиындық толқындарынан аман-сау өтуіңізге және оның сізді өзімен бірге алып кетпеуінен қорғайды.

3. Құс ақ түске енеді дегендер қиындық жағдайда өздерін сабырлы ұстайды және шешім қабылдай алады.

Қандай кризистік жағдай болмасын сіз шешімсіздік пен көңіліңіздің толқуына жол бермейсіз.

Егер жағдай соншалықты қиындап кетсе, бұл пайдасыз ісіңізді тоқтатып, өз мақсатыңызға жетудің басқа жолын іздестіресіз. Мұндай қатынас барлық нәрсе өз орнымен және сіз ойлағандай жүзеге асып жатқанын көрсетіндей болады.

4. Құс алтын түске енеді дегендер – еш нәрседен қорқуды білмейтін батырлар.

Қысым дегеннің не екенін білмейсіз. Сіздің ойыңызша әрбір кризистік жағдай – өте қолайлы мүмкіндік. Сізді «Француздарда «Мүмкін емес» деген сөз жоқ!» деген Наполеонмен теңестіруге болады. Бірақ абай болыңыз батырлық пен көзсіз батырлықтың арасы бір тұтам, өз-өзіңізге деген сенімділігіңіз сізді жарға соғып жүрмесін.

«Сыйлық» жаттығуы.

Мақсаты: топ ұйымшылдығын, эмпатия сезімін дамыту, жағымды көңіл-күй қалыптастыру.

Нұсқау: мына жердегі жүректерді алып, ішіне «Мен саған мынау жүректі сыйлаймын, өйткені сен ең ...» деп жазып, қасыңыздағы көршіңізге сыйлаңыз.

Кері байланыс: қатысушыларды шеңберге жинап, жұмсақ ойыншық көмегімен бір-біріне тілек айту ұсынылады және тренингтен алған әсерлерімен бөлісу сұралады.

Қорытынды: Үмбетбай Уайдиннің «Тұрыңыздар, келе жатыр мұғалім!» атты өлеңін оқып, ұстаздарға жаңа оқу жылына табыс тілеп, тілек айту.

Психологиялық қолдау көрсетудің түрлі формаларын тест тапсыруға дайындауда қолдану

Л. СМАГУЛОВА

Оқушыларға топқа бөліп, психологиялық сабақ жүргізу. Бұл сабақтың мақсаты қажетті дағдыларды дамыту. Ерекше қиындық туғызатын оқушыларды осы топқа бөліп оқыту.

Мазасыз оқушылар.

Қысқаша психологиялық сипаттама.

Мазасыз балалар оқу процесінде ерекше толғаныстарға ұшырайды. Кез келген сабаққа байланысты жағдайларда қауіпті деп санайды. Мысалы: диктант, бақылау, сарамандық жұмыстар, тест жұмыстар кезінде қобалжу байқалады.

Осы балаларды қалай анықтауға болады?

Жазған тапсырмаларын қайта-қайта тексеріп, мұғалім бетіне қарап бақылаумен болады. Мұғалімге жиі сұрақтар қойып, «дұрыс» немесе «қате» істегендігін тексеруді сұрайды. Олар көбіне саусақтармен, шаштарын қолдарына орап, қаламсаппен ойнап мазасызданып отырады. Бұл балаларға емтихан тапсыру өте қиын. Әсіресе, ҰБТ тапсырарда. Мұғалімнен кеңес ала алмауында мазасызданады.

Емтихан тапсыру кезінде.

Мазасыз оқушыларға сезімдік қолдау көрсетілген жөн. Оған емтихан нәтижесінің өте маңызды екенін айта бермеу керек. Себебі бұл оқушылардың бұрынғыдан да мазасыздануына әкеледі. «Сен орындай аласың, мен саған сенемін, қолыңнан келеді» деп қолдау көрсететін сөздер өте қажет. Түрлі мимикамен көрсетуге болады: арқасынан қағып, күлімсіреп, жылы сөйлеп сенімділік таныту керек.

Сенімсіз оқушылар.

Қысқаша психологиялық сипаттама.

Бұл балалардың өз пікірінің болмауында, үнемі басқалардан көмек күтетіндерінде. Өз жұмыстарын өз бетінше тексере алмайды, өз-өзіне сенбейді. Өзі шешетін жұмыстарда қиналады. Олар көбіне ата-аналарынан, сыныптастарынан көмек сұрауға бейім. Сенімсіз балаларға кез келген емтихан тапсыру қиын, олар өз бетінше шешім қабылдай алмайды.

Дайындалу кезеңінде.

Сенімсіз балалармен жұмыс істегенде оған тапсырманың жеңіл, біртіндеп қиынына көшіңіз. Бірақта қайта сұрап пікірін біліңіз. тапсырманы орындап жатқанда көбірек отырып қалса, онда сіз сұраңыз: «Сен неден бастарын білмей отырсың ба?», «Сен жеңіл тапсырмадан бастасаң немесе тапсырмаларды бір қарап шық». Ешуақытта мына сөздерді айтпаңыз: «Тағы ойлан», «Жақсылап ойлан». Бұл сөздер оның мазасын алады да, тапсырманы орындамауына әкеледі.

Әлсіз оқушылар.

Қысқаша психологиялық сипаттама.

Әлсіз балалар тез шаршайды. Бұл шаршау жоғарғы нерв жүйелеріне байланысты. Сондықтан оған түзету жұмыстар жүргізу.

Дайындалу кезеңінде.

Дайындық кезеңінде әлсіз балаларға көп талап қоюға болмайды. Оны басқалармен салыстыруға болмайды. Мысалы: «Анау бала таңертеңнен кешке дейін дайындалады, ал сен 2 сағаттан кейін-ақ шаршап қалдың». Әлсіз бала шаршамас үшін сабақ араларында үзіліс жасап, демалуы керек. Әлсіз баланың ата-анасы невропатологқа барып, балаға қолдау көрсететіндей витаминдер немесе шөп дәрілер туралы кеңестер алсын. Бұл балаларды асықтыруға болмайды.

Гипертимді балалар.

Қысқаша психологиялық сипаттама.

Гипертимді типтегі балалар өте жылдам, энергиясы мол, белсенді болып келеді. Олар тапсырманы тез орындайды, ұқыпты және тура орындағаннан гөрі, жылдам орындап тастағанды жөн көреді. Емтихан барысында зейінділікті, жинақылықты мұқияттылықты талап етеді. Бұл

балалар тапсырманы орындауға тез ауысып, бұл жағдайларды ескермей жатады.

Дайындалу кезеңінде.

Оның қызмет істеу қарқынын төмендет деп айтудың қажеті шамалы, бәрібір ол өзіне қолайлы қарқында жұмыс атқарады. Оған орындаған тапсырманды мұқият тексер, ҰБТ нәтижесінің маңыздылығын айтып жеткізу.

Бос оқушылар.

Қысқаша психологиялық сипаттама.

Бұл балалардың қимылы аз. Олар әрең бір тапсырмадан екіншісіне ауысады. Бұл балалар әр тапсырманы орындауға өте көп уақыт бөлетіндігінде. Бұл типтегі балаларды асықтыратын болсақ, онда олардың қызметінің қарқыны да төмендейді.

Дайындалу кезеңінде.

Бұндай балаларға сағатпен жұмыс істеткен жөн. Мысалы: «Сен 1 сағатта 5 тапсырма орында. Сонда әр тапсырмаға 12 минут бөлесің». Мұндай жаттығулар оқушылардың тез басқа тапсырмаға ауысуына көмегін тигізеді. Егер бұл оқушылар тапсырманы шешуге көп уақыт бөлсе онда жай ғана: «Сен келесі тапсырманы орындауға көшсең болады» деп ескертуіңіз болады. Тек оны асықтырмаңыз, ол оның жұмыс қарқынын төмендетеді.

Аудиалдар мен кинестетиктер.

Қысқаша психологиялық сипаттама.

Бізге белгілі, қабылдаудың 3 түрі бар: аудиалды (есту), визуалды (көру) және кинестетикалық. Әр адамда осы үш түрдің біреуі жақсы дамыған. ҰБТ кезінде аудиалдар мен кинестетиктер үшін өте қиын, себебі оларда ауызша айту қабілеті дамыған, ал визуалдарға жеңіл болып келеді.

Дайындалу кезеңінде.

Бұл категориядағы балалар қалай оқу материалын есінде қалу жағын қарастыруы қажет. Оған мүмкіндігіне лайық жұмыс тауып беруге көмектесіңіз. Аудиалдар берілген тапсырманы ауызша жай қайталап дұрыс жауабын есіне түсіруі қажет. Кинестетик жай қимылдармен өзіне көмектессе болады (аяқ-қолын қимылдатып). Әрбір оқушының мазасыздану деңгейін байқау үшін, алдарыңыздағы тестіге жауап беріп, ұпай санын анықтап, оқушының мазасыздану деңгейін байқауға болады..

Еріксіз және өз бетінше ұйымдастыра алмайтын балалар.

Қысқаша психологиялық сипаттама.

Бұл балалар ұмытшақ, зейінсіз, ерік-жігері дамымаған болып келеді. Оларда зейінді болуға қажетті барлық психикалық функциялар дамыған,

бірақ жалпы қызметі ұйымдастыру деңгейі өте төмен. Бұл балалардың еңбекке қабілеті тұрақсыз, олардың көңілі тез басқа жаққа ауып кетеді. ҰБТ кезінде бала қызметінің өте биік ұйымдасқанын талап етеді. Бұл балалардың таным процестерінің жоғарғы деңгейіне дамығандығына және білімдігіне қарамастан, олар өз уақыттарын тиімді қолдана алмауы мүмкін.

Дайындалу кезеңінде.

Олардың психикалық функцияларды заттық құралдар көмегімен қалыптастырған қолайлы. Сондықтан дайындық кезеңінде балалардың ой қызметінде түрлі заттық құралдарды. өз бетінше қолданғаны өте маңызды. Мұндай құралдарға уақытты көрсететін сағаттар, керекті қатарды көрсетуге сызғыш және т.б. жатады.

Арт-терапевтические методы по работе с детьми

Э.Б. МАСАЛИМОВА

Продолжение. Начало в №8,9-2022 г.

Музыкатерапия

Психотерапевтический метод коррекции эмоциональных состояний, который позволяет снять психическое напряжение и успокоиться при помощи прослушивания музыки или её воспроизведения.

Выделяют несколько форм музыкотерапии для детей:

пассивная – ребенок внимательно слушает;

активная – ребёнок исполняет звуки или композицию. Танец, мимика, жест, как и музыка, является одним из древнейших способов выражения чувств и переживаний.

Помимо того, что они снимают нервно – психическое напряжение, помогают ребёнку быстро и легко установить дружеские связи с другими детьми группы, воспитателем. Это также дает определённый психотерапевтический эффект. Часто идет совмещение музыкотерапии и кинезиотерапии. Занятия по музыкотерапии строятся по определенной схеме:

- разминка – двигательные и ритмические упражнения;
- основная часть – восприятие музыки;

- музыкальная релаксация – аутотренинг.

В одно занятие часто включают различные виды музыкальной деятельности детей: пение, слушание, музыкально-ритмические движения, игры на музыкальных инструментах и элементы театрализации.

Советы по музыкальным произведениям, исполнителям и их воздействию:

Чтобы нейтрализовать у ребенка страх, тревогу, неуверенность, предложите ему послушать произведения А. Рубинштейна, И. Штрауса, Ф. Шопена. Успокоиться поможет музыка Л. Бетховена, И. Брамса, Ф. Шуберта. Чтобы снять напряжение в отношениях, рекомендуется слушать музыку И. Баха. Повысить настроение поможет музыка П. Чайковского, С. Рахманинова, Л. Бетховена. А музыка А. Хачатуряна, Ф. Листа, В. Моцарта способствует поднятию жизненного тонуса. Для концентрации внимания используют произведения Мендельсона, Дебюсси, Чайковского.

Упражнение «В лесу» (элементы музыкального моделирования и кинезитерапии).

Музыка, текст и движения при выполнении упражнения включаются, озвучиваются и показываются психологом.

Переживание эмоционального состояния (звучит тревожная музыка).

«Мы заблудились в лесу, кругом высокие деревья, колючие кусты. Мы идем, перешагивая через кочки, высокую траву, пни» (ребенок шагает, высоко поднимая ноги, оглядывается).

Этап выхода из сложной ситуации (звучит радостная музыка).

«Вот впереди солнечная полянка. На ней мягкая трава, прекрасные цветы, летают птицы» (ребенок садится на пол и смотрит вокруг).

Эмоциональное расслабление (звучит спокойная музыка для релаксации).

«В озере тихо плещется вода, поют птички, журчит ручеек, жужжат пчелки, нас обдувает тихий теплый ветерок» (ребенок лежит на полу в удобной позе с закрытыми глазами).

Упражнение «Тонирование» (вокалотерапия)

Предложите ребенку пропеть протяжно звук «м-м-м» – способствует снятию стресса и расслаблению. Протянуть звук «а-а-а» - помогает быстро расслабиться. Протянуть звук «и-и-и» – на несколько минут стимулирует работоспособность мозга, активизирует работу всех систем организма. Эти упражнения также способствуют развитию речевого дыхания и полезны для развития речи детей.

Драматерапия

Это набирающее темп направление арт-терапии использует широко распространенный технический прием, который называется

драматизация, т.е. разыгрывание какого-либо сюжета. Техника драматизация используется в психодраме (это основной, базовый прием), в транзактном анализе и ряде других направлений.

Данное направление в арттерапии иногда называют театротерапией. Это название более правильное (так как в данном случае основой является искусство театра, а не драматургия), но менее распространенное. Современная драматерапия – сложное и многогранное явление, представленное разными подходами, школами, концепциями.

Драматерапия используется в работе с межличностными и внутриличностными проблемами, в семейной и детско-родительской терапии, в оргконсультировании, развитии креативности в определенной профессии, с пограничными расстройствами, психосоматикой.

Задачи, которые могут быть решены с помощью драматерапии:

- осознание своих телесных и поведенческих паттернов (паттерн – это термин, обозначающий некий повторяющийся шаблон, также им можно назвать образец, модель, схему или образ);
- развитие спонтанности и импровизационности;
- развитие и совершенствование способности к «режиссуре» собственной жизни;
- возможность «переиграть» жизненные сценарии и паттерны;
- развитие телесной пластичности и пластики (телесной, эмоциональной, когнитивной);
- расширение репертуара поведенческих паттернов;
- возможность стать иным (развитие множественности личности);
- возможность «вернуться назад» и «сходить вперед» – работа с прошлым и будущим.

Все действия упражнений проигрываются из своих чувств и эмоций. Главное для ребёнка, чтобы он отреагировал и погрузился в предложенные ситуации.

Упражнение «Ледяная вода» (для детей 4-х лет и старше)

Представьте, что вы с компанией знакомых людей отправляетесь в путешествие к горному озеру. Осмотритесь вокруг, что вас окружает? Живописные горы, необъятное небо и водоём насыщенного синего цвета. Попробуйте опустить ногу в воду и тут же достаньте её, ведь вода невероятно холодная. Необходимо опускать ногу в воду и доставать её несколько раз подряд.

Упражнение «Ожившая скульптура» (для подростков и детей постарше)

Перед подростками поставлена задача – создать из своих тел скульптуру на заданную тему (например, болото) таким образом, чтобы постепенные «добавки» к возникающей форме способствовали

разнообразию ситуаций. По команде ведущего вся скульптура «оживает», и импровизируется этюд.

Упражнение «Летний дождь» (для детей пяти лет и старше).

Представляем шум дождя, он медленно утихает. Осадки закончились и малыши выходят гулять на улицу. Сначала они ходят осторожно, стараются не наступать на лужи и аккуратно их обходят. Через некоторое время детвора начинает баловаться и прыгать по лужам. Этому сопутствует звонкий детский смех, брызги, веселье.

Танцевальная-Двигательная терапия

Это психотерапевтическое использование танца как процесса, который способствует интеграции эмоционального и физического состояния личности. Это про выражение собственного настроения, эмоций и чувств. Основной принцип танцевальной (танцевально-двигательной) терапии – это применение спонтанных движений, чем в первую очередь и отличается от занятий танцев с тренером в студии. При помощи танцевальной терапии можно разбить или предотвратить, например, процесс образования мышечного панциря – когда отрицательные эмоции, вследствие долгого сдерживания, накапливаются в человеческом теле.

Целями танцевально-двигательной терапии являются:

- снятие психоэмоционального напряжения;
- выплёскивание энергии;
- проработка страха и агрессивности;
- осознание собственного «Я» в предлагаемых обстоятельствах;
- проигрывание внешних и внутренних ощущений;
- совместное переживание волнующих ситуаций;
- пробуждение положительных эмоций;
- развитие коммуникабельности и творческих способностей (импровизировать, воображать);
- умение рассуждать логически и проявлять инициативу;
- сплочение в коллективе (если это групповое занятие).

Упражнение «Броуновское движение»

Цель: невербальное общение, сближает группу. Направлено на раскрепощение членов группы, на установление контактов друг с другом.

Процедура: Все члены группы располагаются в комнате, стоя на некотором расстоянии друг от друга. Стулья отодвигаются в сторону. Участникам предлагается закрыть глаза и представить себя атомами. По команде тренера атомы начинают хаотично двигаться по комнате с закрытыми глазами. Через некоторое время тренер дает команду остановиться и объединиться в молекулы по два, или по три, или по четыре атома. Все участники должны объединиться в молекулы, открыв

глаза, с теми, кто оказался поблизости. Так делают несколько раз, меняя количество атомов в молекуле. Обсуждение.

Упражнение «Следуй за главным»

Дети делятся на группы по пять человек, которые выстраиваются в ряд. Затем выбирается главный и становится перед остальными участниками команды. Его задача – делать любые оригинальные движения, которые другие будут за ним воспроизводить остальные участники группы. Каждый ребёнок должен обязательно побывать в роли главного, при этом, не повторяясь движениями со своим предшественником.

Такое упражнение позволяет экспериментировать с движениями, стимулировать танцевальную экспрессию. Кроме того, важную роль играют межличностные позиции ведомого и ведущего.

Упражнение «В космосе»

В рамках данного упражнения необходимо представить себя за пределами земного пространства. Если дети не знают, нужно объяснить им, что значит невесомость в космосе.

А теперь задача участников группы – выполнять различные движения космонавта. Вариантов здесь масса: можно поиграть в футбол, баскетбол, кувыркаться, выполнять какие-то физические потребности (например, кушать), знакомиться с инопланетянином.

Кроме того, интересно будет угадывать, что изображает другой участник группы. В роли ведущего может выступать как взрослый, так и ребёнок.

Упражнение не просто развивает фантазию у детей, оно ещё и помогает почувствовать своё тело, его возможности.

Куклотерапия

Метод психологической помощи детям, подросткам и их семьям, заключающийся в коррекции их поведения посредством кукольного театра. Данный метод призван помочь в устранении болезненных переживаний у детей, укреплять их психическое здоровье, улучшать социальную адаптацию, развивать самосознание, разрешать конфликты в условиях

коллективной творческой деятельности. В соответствии с данным методом с любимым персонажем ребёнка разыгрывается в лицах история, связанная с травмирующей его ситуацией.

В куклотерапии применяются разнообразные куклы: от отдельно взятых персонажей до представителей многочисленных видов театральных кукол (куклы-марионетки, куклы-игрушки, теневые куклы, пальчиковые, варежковые, плоскостные, ростовые и многие другие).

Играя с куклой, ребенок проецирует окружающую его действительность,

транслирует характер взаимоотношений с другими людьми. Эта деятельность для него естественна. Поэтому использование метода куклотерапии позволит в привычной для ребенка ситуации игры выявить и скорректировать его психологические проблемы.

Куклотерапия проходит в три этапа:

Первый этап (первое занятие) – пошив куклы.

После изготовления куклы, возможно проиграть историю связанную с ней используя следующие вопросы:

Как зовут твою куклу?

Сколько ей лет?

С кем она живет?

Как она проводит время?

Чем любит заниматься?

Есть ли у нее друзья?

Второй этап (второе занятие) – обучение «вождению» куклы (кукольная аэробика под руководством тренера-ведущего, что-то типа: «Куклы сели, куклы встали, куклы поклонились»), церемония «оживления» куклы.

Третий этап (все последующие занятия) – сказкотерапия с помощью кукол, постановка мини-спектакля, рассказывание сказки с помощью куклы, выполнение сложных сюжетных заданий ведущего с помощью кукол, кукольный театр и т.п.

Куклотерапия – процесс сложный, интересный, захватывающий. Несколько основных упражнений, без которых сложно представить этот метод:

- беседа или даже интервью с куклой;
- монолог ребёнка о жизни куклы;
- сочинение историй (сказок) о кукле;
- знакомство куколок разных детей (если работа в группе);
- создание совместной истории о нескольких куклах сразу;
- обсуждение сценария кукольного спектакля;
- репетиции спектакля;
- исполнение спектакля;
- обсуждение спектакля с ребёнком наедине или в группе детей.

Спектакль (представление) служит своеобразным катарсисом куклотерапии, её кульминацией. Он дарит ребёнку удовольствие и неповторимые эмоции, которые и делают его более открытым и творческим.

Конец

Оқушыларға арналған психологиялық тренинг

К. ТАЙЖАНОВА

Тренингтің мақсаты: оқушыларды қиын жағдайдан шыға білуге үйрету, Оқушылардың эмоционалды көңіл-күйлерін көтеру, топтасып жұмыс істеуге дағдыландыру.

I. Ұйымдастыру кезеңі;

1. Сәлемдесу;
2. Комплименттер айту;
3. «Мен» жаттығуы.

II. Негізгі кезең.

1. «Поезд» жаттығуы;
2. Аутотренинг;
3. «Мәтінді әңгімелеу» жаттығуы;
4. «Кірпі» жаттығуы.

III. Қорытынды.

1. Релаксация «Гүлдер»;
2. Рефлексия.

Жүргізу барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. «Сәлемдесу»

Мақсаты: топта психологиялық ахуал орнату, балалардың көңіл-күйін көтеру.

Оқушылар жұптасып, бір-бірінің алдына тұрып, амандасу рәсімін орындайды. Оқушыларға қимылдарды орындау арқылы амандасу ұсынылады. Балалар қимылдарды тез орындау қажет. Сонымен, көзбен, оң қолмен, сол қолмен, өкшемен, бірінші иықпен, екінші иықпен, оң құлақпен, сол құлақпен, оң тіземен, сол тіземен, бірінші шынтақпен, екінші шынтақпен, арқамен.

2. Комплименттер айту.

Мақсаты: оқушылардың көңіл көтеруіне арналған жаттығу.

Оқушылар шеңбер құрып тұрып, бір-біріне кезекпен-кезек қолдарына шеңберлі көңілді күннің суретін беріп, жағымды сөздерді айтады. Мысалы: Гүлназ, сенің күлкің өте әдемі, өзіңе жарасымды.

3. «Мен» жаттығуы. Әр адам өзіне қаншалықты баға берсе, соған соншалықты лайықты болады. Тұлға ретінде қалыптасуың үшін өзіңді,

өмірлік іс-әрекетіңді лайықты бағалай білуің керек. Өзіңе арнап неғұрлым жақсы, жағымды, жылы сөздерді көбірек айту керек. Өзіңді-өзің дұрыс бағалағаның жөн.

Әр адамның өзіне арнаған жақсы, жағымды қолдау, мадақтау, мақтау сөздері болуы тиіс.

Мысалы:

- Мен осы өмірге келуіммен кереметпін.
- Мен сияқты бұл өмірде ешкім де болған емес, болмайды да.
- Мен ғажаппын, мен кереметпін.
- Менің күш-жігерім көп, денсаулығым мықты.
- Мен өмірді сүйемін, өмір мені аялайды.
- Мен тамаша жанмын.
- Мен мейірімді, жылы жүректі адаммын.
- Мен сабырлымын, салмақтымын.
- Мен ешкім жолымнан тайдыра алмайды.
- Мен әділетті, адал жанмын.
- Мен айналама бақыт шуағын шашамын.
- Мен алдыма қойған мақсатыма жетемін.
- Менің қолымнан бәрі келеді.
- Мені тек жақсы адамдар қоршаған.
- Мен бәріне ризамын.
- Мен бақытты адаммын.

II. Негізгі бөлім

1. «Поезд» жаттығуы.

Ойын ортада жүргізіледі. Ең алдымен, 1 мен 2-ге саналып аламыз. 1-номердегілер қолдарын 1 рет соғып, аяқтарымен еденді 2 рет тарсылдатады, ал 2-номердегілер 2 рет қолдарын соғып, 1 рет аяқтарын еденге тарсылдатады.

2. Аутотренинг. Ең бірінші өз бойындағы эмоциялық қобалжуын, қорқынышы мен үрейінен тазарту. Бүкіл сана, бүкіл ой тек тыныс алумен тыныс шығаруға көңіл бөлу қажет. Мұрынмен терең дем алып, 2-3 секунд іште ұстап, ауызбен сыртқа шығару.(3 рет). Әр оқушы өз ішінен бекіту сөздерін айтады.

- Менің қолымнан бәрі келеді,
- Мен – күштімің,
- Мен өзіме сенемін,
- Менің қолымнан келмейтін нәрсе жоқ,
- Мен өмірге келгеніме өзімді бақытты санаймын.

Топпен бірге «Ризамыз бұл өмірге, ризамыз!», «Біз бақытты жандармыз!», «Бәрі жақсы болады!»

1. Жаттығу «Мәтінді әңгімелеу»

Мақсаты: Ақпаратты дәлме-дәл жеткізу дағдысын дамыту

Нұсқау: «Қазір бәріңіз бөлмеден шығасыз, тек бір қатысушы қалады. Оған мен мәтін оқып беремін. Осыдан кейін мен бөлмеге екінші қатысушыны шақырамын, ал бірінші қатысушы оған тыңдаған мәтінін әңгімелейді. Содан соң бөлмеге үшінші қатысушы шақырылады, оған екінші қатысушы естігенін әңгімелейді. Сөйтіп барлық қатысушылар аяқталғанша бөлмеге шақырылады. Әр қатысушыны мұқият тыңдау қажет. Содан соң нұсқауға сәйкес жаттығу орындалады. (Жетекші кез келген мәтінді алады, ешкімге таныс емес мәтін болғаны жақсы. Мәтін көлемі 50 жолдай. Жүргізушіде мәтіннің екінші нұсқасы болғаны дұрыс, себебі жаттығу қайталануы мүмкін)

Талдау: Ненің есебінде ақпарат бұзылды? Әр қатысушы әңгімеге «өз тарапынан» не қосты? Өмірде солай бола ма? Ақпарат аз бұрмалануы үшін не істеу керек?

4. «Кірпі» жаттығуы.

Мақсаты: Түрлі қарым-қатынас ситуацияларында байланыс орнату мүмкіндігін кеңейту.

Нұсқау: Топтың бір мүшесі кірпіні бейнелейді. Ол орындыққа отырады да, «Оралып» алады. Мысалы: Басын тізесіне тығып, көздерін жұмады, өзін құшақтап алады, осылайша топпен сөйлескісі келмейтін бейнені келтіреді. Әрі ол психологиялық тұрғыдан «Өзіммен-өзі» тереңге кетеді. Қалған мүшелер кезекпен оралған кірпіні ашуға тырысады. Түрлі әдістер қолданылады яғни, құлаққа сыбырлаудан бастап, түрлі әрекеттерге дейін.

Нәтижелерді талқылау: Егер сіз өзіңізге белгілі барлық, бірақ кірпі солай жазылмаған күйінде қалса, сіз қарым-қатынаста өзге адамның күйін нәзік сезе қоймайсыз. Егер де «Кірпі» жазылып, сізбен сөйлескісі келсе, онда қарым-қатынаста өте талантты адамсыз. Сізде эмпатия бар / яғни, өзгені интуитивті сезіну / және өзгелерге деген ұқыпты жылы қатынас бар.

III. Қорытынды.

1. Релаксация: «Гүлдер». (Әуен ойнап тұрады)

Жайлап тұрамыз және көзімізді жұмамыз.

2-3 рет демімізді шығарамыз. Терең тыныс аламыз. Балалар біз бәріміз енді өсіп келе жатырған гүлдерміз. Бірақ жай гүл емес әрбірің шығармашылыққа тұла бойы тұнып тұрған гүлміз деп елестетіңіздер. Гүлдің түрі, түсі, аты. Күн шықты? Гүлдер жайлап ашылып өсіп келеді. (Қолдарын созады)

«Мен бақытты боламын» Бетімізге самал жел лебі еседі. Кенеттен

баяу жел соғады, гүлдер желмен жан-жаққа шайқалады (қолдарын жан-жаққа шайқайды). Аспанға бұлт төніп, жаңбыр жауа бастайды. Гүлдер тоңып, бүрісіп, жабылады (қолдарын тізе үстіне қойып бүрісіп отырады). Бір уақытта күннің көзі күлімдеп, жайнап шығады, сол уақытта гүлдер де құлпырып, жайнап ашыла бастайды (балалар үлкен шеңбер жасап, бір үлкен гүл шоғына жиналады). Міне осы исі аңқыған гүлдеріңді ең жақын, ең жақсы достарыңызға сыйлаңыздар.

Талдау: Сіз елестеткен гүл қандай? Аты қалай аталады? Ол гүл біреу ме? Тікені бар ма?

2. Рефлексия

Қатысушылар шеңбер құрып, бір-бірінің иығына сол қолды қойып бірігіп жұмыс істегендеріне алғыстарын білдіреді, жылы тілектерін айтады.

Ата-аналарға арналған психологиялық тренинг

Г. НӨКЕРБЕКОВА

Тренингтің мақсаты: ата-аналар арасында жағымды қарым-қатынас орнату, сыйластықты арттыру, отбасында балаға жақсы тәрбие беруіне ықпал жасау, бала қауіпсіздігімен зорлық-зомбылықтан қорғау, бала тәрбиелеуде педагогикалық-психологиялық ақпараттар беру.

Қажетті құрал-жабдықтар: үлестірмелі қағаздар, қалам, интерактивті тақта.

Әдістері: бейнебаян, тест, психологиялық жаттығулар, жадынама.

Тренингтің өтілу барысы:

1. Психолог сөзі: Сәлеметсіздер ме құрметті ата-аналар «Отбасы құндылығы неде? атты тренингімізге хош келдіңіздер! Ата-ананың тілегі – баласының жақсы адам болуы, еңбексүйгіштігі, оқу мен еңбектегі табыстары. Бүгінгі ұл ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз ертеңгі ана, ол анаға қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса оны жалғастырушы, демеуші – ата-ана.

«Шаттық шеңбері»

Сіздерді «Шаттық шеңберіне» шақырамын. Бір-бірімізге қарайық. Мен сіздердің көздеріңізден қуаныш пен қызығушылық көріп тұрмын.

Қанеки, бір-бірімізбен амандасайық!

Күн күлімдеп нұр төкті, бізге жолдап...

Ата-аналар: Сәлем!

Жақсы сөздер нұр септі, бізге жолдап...

Ата-аналар: Сәлем!

Еске сақтап кеңесті, достарға сыйла...

Ата-аналар: Сәлем!

Кел, қосылып айтайық бір-бірімізге...

Ата-аналар: Сәлем!

2. - Рахмет, сіздерді «Бақытты отбасы» әңгімесін тыңдауға шақырамын. Бір кішкентай қалашықта екі отбасы бір-бірімен көрші тұрады. Бір отбасындағы ерлі зайыптылар қандай жағдай болмасын үнемі бір-бірін кінәлап, жиі жанжалдасады. Ал екінші отбасы ешқандай ұрыс керіссіз, жанжалсыз тату-тәтті өмір сүреді. Жанжалдасқыш әйел көрші отбасының тату тәтті өмір сүргенін көре алмай, күйеуіне оның сырының неде екенін біліп қайтуын сұранады. Осылайша күйеуі көрші үйдің ашық тұрған терезесінен ерлі-зайыптыларды бақылайды. Көрші үйдің әйелі үйін тазалап-жинастырумен айналысып жатады. Қолына қымбат құмыраны ұстап, шаңын сүртіп жатады. Кенеттен телефон шылдырлайды, телефонға асыққан әйел сүртіп тұрған құмыраны столдың шетіне қоя салып жүгіреді. Осы мезетте күйеуіне осы бөлмеден бір нәрсе керек болып, столдың шетінде тұрған қымбат құмыраны жерге құлатып, сындырып қояды. Осының барлығын бақылап тұрған көрші: «Не болар екен?» - деп тағатсыздана күтеді. Телефонмен сөйлесіп болған әйелі өкінішпен бір күрсінді де, күйеуінің қасына келіп: Кешірші мені қымбаттым! Мен кінәлімін, құмыраны өте ыңғайсыз қойдым. Ал күйеуі: Жоқ аяулым мен кінәлімін, мен асығыстықтан бұл құмыраны байқамай жерге құлаттым. Жарайды, қоя берші. Жамандық осымен кетсін, - дейді.

Бақылап тұрған көршісі таңырқап қалғаны сондай, жүрегі ауырып, үйіне көңіл күйі түсіп келеді.

Әйелі оған: «Неге сонша ұзақ бақыладың? Көрдің бе? Иә, қалай екен оларда?»

Күйеуі: «Оларда бір жағдай болса барлығы кінәлі екен. Ал бізде бәрі өзінікін дұрыс санайды».

3. «Микрофон» жаттығуы

Сұрақ; Өмірдегі ең маңызды тіреулеріңіз кім?

Мәтіннен алған ой түйіндеріңіз?

Отбасы ынтымағы, жайлылығы, тыныштығы кім үшін маңызды?

Психолог: Иә құрметті ата аналар «Бала ішінде болса ананың белі ауырады,

Бала үйдің ішінде болса басы ауырады

Бала үйдің сыртында болса ананың жүрегі ауырады.

4. Ендеше сіздерді қазір балалар қауіпсіздігіне арналған кеңестермен таныстыра отырып бейнероликті көруді ұсынамын.

а) «жоқ» туралы сендіріңіз;

б) «Ережелерді сақтау \қауіпсіздік кепілі\»

Психолог: Баланың білім алуымен бірге бала өміріне төнген оқыстан болатын үйден тыс жерлердегі қауіптен де сақтандыруымыз керек екен. Бүгінгі бейнебаяннан көргендеріңізбен алған кеңестерді ойға түйіп, баламен бөлісіңіздер. Баланы өзін қорғауға үйретіңіздер. Ұмытпаңыздар баланың басына қауіп төнген жағдайын білдіретін ортақ құпия сөз немесе пароль ойлап табыңыздар. Баламыздың үйдегі қауіпсіздігімен бірге сырт өмірдегі қауіпсіздігін ойлаңыздар. Әрине, мектепте бала қауіпсіздігіне арналып әртүрлі шаралар өткізіледі. Бала қауіпсіздігі бәрімізге ортақ дүние. Сол себепті де сіздермен буллинг, зорлық-зомбылық тақырыптарында талқылауымыз бекер емес.

5. «Ыстық картоп» тақырыппен байланысты сергіту ойыны.

Ата-аналар музыка ырғағымен шеңберде билейді. Жетекші ортада қағаздан жасалынған картопты лақтырады. Музыка тоқтағанда кімнің қолында картоп болса картопты аршып ішіндегі сұраққа жауап береді.

Ата аналардан сауалнама алынып, жадынама таратылады.

Психолог: Дүниенің тұтқасы еркекте, кілті әйелде, қызығы балада. Ендеше, отбасы құндылығы осы ажырамас үш бөліктен тұрады екен. Біз бүгін сіздермен ең қымбатты бала жаны жайлы ой бөлістік. Ол маңызды, өйткені ол енді ғана өмір деген ұзақ жолға сапарын бастады. Бұл жол – оны рухани байлыққа бастайтын таза және негізгі жол. Бұл жолды барлық нәрсенің басы болып табылатын үлкен әріппен жазылған МА-ХАББАТТАН бастау керек.

6. Олай болса, ата-аналар сіздермен бірге дәл қазір қиялымызды жандандырып,

«КҮНІМІЗ ЖАРҚЫРАСЫН» жаттығуын орындайық. Мына бейнеге қараңыздаршы, бұлт торлаған аспан. Өмірде де табиғат көрінісіндегідей бұлтты күндеріміз болады. Сол бұлт ұзақ тұрса суық келеді. Ал суықты кетіруге бізге жылы шуақ, күндей мейірім керек. Ендеше бүгінгі тренингтен алған әсерлеріңізді шынайы түрде пікірлеріңізді білдіріп жазсаңыздар. Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтанда отбасымыз жылумен жарқыраған күн сәулесіне толы шаттыққа толсын деген ниетпен мына смайликтерге тілек жазып күнімізді бұлттан шығарып жарқыратайық. Балаларымыз қайда жүрсе де мейлі үйде, мектепте, демалыста, ойында болсын олардың күндері жарқырап, жұлдыздары биік болсын, жүзіміз күндей жарқырап жақсылықпен кездесейік. Сіздерді қуанышпен күтемін!

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған психологиялық тренинг-сабақ

Ж. БИСЕНОВА

Мақсаты: Бейімделу кезінде балалардың шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, психозэмоционалдық жағдайды жайландыру. Ішкі күйзелісті түсіру, релаксация. Қолдарының ұсақ моторикасын дамыту. Өзіне деген позитивтік көзқарасты қалыптастыру.

Әдіс-тәсілі: ертегітерапия, ойындар.

Барысы:

Психолог: Міне сендерді өзімнің сабағымда көріп тұрғанымда қуаныштымын. Балалар оң қолдарыңмен жүректеріңді ұстаңдаршы. Естіп тұрсыңдар ма? Тук-тук дейді. Енді осы кішкене жүрегімізде кішкентай ғана мейірім шуағы бар деп сезінейік. Сол шуақпен бір-бірімізді жылытайық. *Бір-бірінің қолдарын ұстасады.*

Міне, кішкене күн шуағы үлкен күнге айналды. Осы күннің жылуын таңғажайып әлеміндегі тұрғындарға апарып көмектесейік.

Ал ол үшін біз ештеңеден қорықпайтын күшті де, епті, батыл болуымыз керек. Өте жақсы.

- Балалар, мен сіздерді бүгін сиқырлы орманға, саяхатқа шақырамын. Қараңдаршы, айнала қандай әдемі!

Ойын: Жаңбыр (интерактивті тақтамен)

Психолог: Балалар қараңдаршы таңғажайып әлеміне жан біте бастады.

1. Жылы жаңбыр да жауды (екі қол артта, кезек-кезек алға, артқа созу);

2. Жаңбырдан соң әдемі кемпірқосақ та көрінеді. (екі қолды қанатша екі жақта ұстап, иіліп бір қолды бір қолға жеткізу);

3. Жылы жаңбырға жуынып, өсімдіктер де жапырақтарын күнге жая бастады. (Аяқты артқа созып қолды жоғары көтеріп, денені жоғары созу);

4. Ал құстар қанаттарын қағып, ұшуға дайындалып жатыр. (Қолды қанатша қағып, отырып-тұру);

5. Жан- жануарлар да ояна бастады. (Жерге тіземен тұрып аяқтарын созу);

6. Көбелектер де ұшуға дайындалып жатыр. (Лотос қимылы).

Ертегі тыңдайық.

- Балалар, енді кілемге жайғасып отырайық, ертегі тыңдайық. Ертегінің аты: «Ғажайып көбелектің түсі»

Бір таңғажайып елде, үлкен гүл алаңында түстер көбелектері өмір сүреді. Күндіз олар ұйықтап жатады, ал түн болғанда оянып, жан-жаққа ұшады. Әр көбелек өз адамына, үлкенге де кішіге де ұшып барады. Түстер көбелегінің қанаттары ғажайып! Оның қанатынан гүлдің, жаңбырдың иісі шығып тұрады. Көбелек қанатымен қағып қалса, сол адамға жақсы түс кіреді, ал қара көбелек қанатымен қақса қорқынышты түстер кіреді. Өз түстерінді естеріне түсіріңдерші, сіздер қандай түстер көресіңдер? Қорқынышты түстер көресіңдер ме?

Психолог: Балаларға қорқынышты түстер көрсететін көбелектердің көрсетіп, оларды жыртып тастауға ұсынады. Балалар қара көбелектерді жыртады. Міне, біз енді ондай түстерден қорықпайтын боламыз. Балалар біз мына көбелектерге қандай түс көргілерің келеді? Соның суретін салып бояйық. *Балалар сурет салады.*

Жаттығу: «Болады, болмайды»

Барысы: Психолог сөздерді айтады, ал балалар солай болуы мүмкін болса, қолдарын шапалақтайды, егер ондай мүмкін болмаса – аяқ ен топылдатады. Мысалы: қасқыр орманда кезіп жүреді- алақан шапалақтайды.

Қасқыр ағаш басында отыр – аяқтарын топылдатады.

Кастрюлде кесе қайнап жатыр.

Мысық үйдің төбесінде қыдырып жүр.

Ит аспанда жүзіп келеді.

Қыз үйдің суретін салып отыр.

Тренинг: «Қорқыныш» Орманда қараңғы, түрлі дыбыстар шығады. Ол не екен? Қорқып кеттік. Балалар, қорыққанда не істейміз? Тұрып қаламыз. (Мимикамен көрсетеді) көзін жұмады. Ой, қорқынышты болып кетті, бұл қорқынышты жануар шығар, бір дауыс естіледі. **(Мәу)** Көзімізді ашып қарайық. Ол кішкентай мысық екен. Оны қолымызға алайық, жылытайық, сипайық. Міне, мысықпен дос боламыз, енді қорықпаймыз.

Рефлексия: Балалар, бүгінгі сабақта не істедік? Не көрдік? Сіздерге не ұнады?

Авторлар туралы мәлімет

Сведения об авторах

АШАБЕКОВА Жазира – «№3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің әлеуметтік педагогы. Сәтбаев қаласы, Ұлытау облысы.

БАТЫРҒАЛИЕВА Г. – С. Есетов атындағы ОЖББ мектебінің психологы. Талдықұдық ауылы, Казталов ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

БИСЕНОВА Жанар Ислямғалиевна – №47 ЖОББМ шағын орталық психологы. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.

ДАВЛЕТОВА Акмарал Амангелдиевна – к.п.с.н., член-корреспондент МАНП, профессор РАЕ, Академия Кайнар, г. Алматы.

КАВЕЛИНА Лариса Викторовна – психолог немецкой школы-комплекса №46. г. Астана.

МАСАЛИМОВА Эльмира Бидахметовна – педагог-психолог КГУ «Детский дом №8». г. Семей.

НӨКЕРБЕКОВА Гүлжан Кәкешекызы – М. Ержанов ЖББМ педагог-психологы. Ақтоғай ауданы, Қарағанды облысы.

САЗАНБАЕВА Динара Карияновна – Б. Момышұлы атындағы №131 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі. Медеу ауданы, Алматы қаласы.

САНСЫЗБАЕВА Дина Серікқызы – Қ. Сәтбаев атындағы №216 орта мектептің дефектологы. Әйтеке би кенті, Қазалы ауданы, Қызылорда облысы.

СМАГУЛОВА Ляззат Турганбековна – Н. Өмірзақов атындағы орта мектептің педагог-психологы. Қаратоған ауылы, Райымбек ауданы, Алматы облысы.

ТАЙЖАНОВА Куралай Егембергеновна – №270 Ғ. Мұхамеджанов атындағы орта мектебінің педагог-психологы. Шиелі ауданы, Қызылорда облысы.

ЭРГЕШОВА Лобар Улугбековна – №32 жалпы білім беретін мектебінің логопеді. Алматы қаласы.



Индекс 75487

Мектептегі психология - Психология в школе журналы

құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған.

Журналға «Казпочта», «Ернұрпресс», «Евразия Пресс», «Эврика-пресс» арқылы жазылған тиімді.

Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

**Қиын
алыңыз да,
жазылыңыз!**

		Басылым индексі									
		АБОНЕМЕНТ									
		75487									
Мектептегі психология - Психология в школе											
		Комплекті саны									
2023 жылға, айлары											
қайда											
(почта индексі)		(мекен-жайы)									
кімге		(аты, жөні)									
		Тасымалдау карточкасы									
ПВ		орны	75487								
		Басылым индексі									
Бағасы	Жазылу мекен-жайын өзгерту	...теңге	...тиын	комплекті саны							
		...теңге	...тиын								
2023 жылға, айлары											
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
қайда											
қайда		(почта индексі)		(мекен-жайы)							
кімге											
(аты, жөні)											

